Магиялық фольклордың түрлерін ретроспективті қырынан қарастырудың күрделілігі ең алдымен оның ішкі құрылымының көпқабаттылығы мен мазмұндық әртектілігінен туындайды. Бұл саладағы мәтіндер мен рәсімдер бір ғана белгімен немесе дара көрініспен шектелмей, сөздік формулалардың, символдық қимыл-әрекеттердің, әуен мен ырғақтың магиялық мәнге ие тұтас жүйе ретінде бірігуі нәтижесінде жүзеге асады. Сондықтан магиялық фольклорды тек вербалды мәтін ретінде немесе тек этнографиялық әрекет деңгейінде түсіндіру жеткіліксіз. Ол – біртұтас мәдени-әлеуметтік үдеріс.

Осы тұрғыдан алғанда, магиялық мәтіндерді тану мен талдау үшін эмпирикалық бақылауға немесе жалаң интерпретациялық тәсілге сүйенуге болмайды. Себебі мұндай мәтіндер мен ғұрыптарда мінез-құлықтың бағыт-бағдары, дәстүрлі нормалар мен жөн-жосықтар, белгілі бір байланыс актілері қатар өріліп, барлығы да әлеуметтік мағына береді. Магиялық сөздің әсер ету күші жеке айтушының еркінен ғана емес, оны қабылдайтын қауымның ұжымдық санасынан, қалыптасқан сенім жүйесінен және әлеуметтік тәжірибесінен туындайды. Субъектінің қоршаған ортаға, яғни қоғамға әлеуметтік әрі индивидуалдық тұрғыдан тәуелділігі магиялық фольклор мәтіндерінде айқын көрініс табады. Жеке адамның магиялық әрекетке қатысуы

оның ішкі күйімен қатар, ұжымдық сана мен әлеуметтік орта ықпалына да тікелей байланысты. Сондықтан магиялық фольклорды тек эстетикалық немесе поэтикалық құбылыс ретінде емес, әлеуметтік-психологиялық мәні бар мәдени феномен ретінде түсіндіру ғылыми тұрғыдан неғұрлым негізді болып табылады (Богданов,2015: 51).

Арбау наным-сенімдердің танымдық жүйесінің маңызды бөлігі ретінде зерттеледі және ол сөздің магиялық қуаты, мифологиялық түсініктер мен әлеуметтік тәжірибелер арасындағы терең байланыстарды көрсетеді. Осыған орай, зерттеу түркі және моңғол арбау мәтіндерінің типологиялық негіздерін салыстыру арқылы олардың ортақ белгілерін айқындауға бағытталған.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында түркі және моңғол халықтарының арбау жанрын кешенді талдау үшін қоғамдық ғылымдарда қалыптасқан бірнеше әдістемелік тәсіл қолданылды. Герменевтикалық талдау арқылы арбау мәтіндерінің мазмұндық мәні, символдық және мифологиялық құрылымдары терең зерттелді. Әдеби талдау әдісі арбаудың поэтикалық құрылымын, формулалық тіркестерін және ауызша композициялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сипаттамалық әдіс арбау мәтіндерін жүйелі сипаттап, олардың функционалдық және магиялық аспектілерін нақты көрсетуге жағдай жасады. Жүйелілік-құрылымдық әдіс арқылы арбау рәсімдерінің құрылымы, мәтіндік композициясы жан-жақты қарастырылды.

Бұл әдістемелік тәсілдер отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерімен толықтырылды. Мысалы, қазақ және басқа түркі халықтарының арбау жанрын зерттеген Б. Уахатов, Б. Әбілқасымов, Е. Тұрсынов, С. Қасқабасов, Ш. Ибраев, А. Тұрғанбаев, Ш.Д. Бүркітбаева, А.Е. Шарғынова сияқты отандық зерттеушілердің еңбектері зерттеудің ғылыми негізін қалады. Сонымен қатар, орыс фольклортанушылары К. Богданов, Р.А. Султангереева, С. В. Ковалева, А.В. Коровашконың зерттеулері арбау фольклорының типологиялық ерекшеліктерін салыстырмалы талдауда негізге алынды. Осы әдістер кешені арбау жанрының магиялық, мифологиялық және әлеуметтік функцияларын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беріп, түркі және моңғол халықтары арасындағы арбау жанрының типологиялық ұқсастықтарын анықтауға жол ашты.

2.1 Материалға сипаттама

Арбау жанры түркі және моңғол халықтарының ауызша шығармашылығында маңызды орын алады. Магиялық фольклор саласында жүргізілген зерттеулер арбау жанрының құрылымдық, поэтикалық және әлеуметтік мәндерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында отандық ғалымдар С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Б. Уахатов, Б. Абылқасымов, Ш. Ибраевтың еңбектері қолданылды, олар арбау мәтіндерінің поэтикалық құрылымын, магиялық формулаларын және ритуалдық контекстін талдаумен айналысқан. Сонымен қатар орыс ғалымдары К. Богданов, С.В. Ковалева, А.Л. Топорков, М. Коровашко арбау жанрын құрылымдық, семантикалық және әлеуметтік функциясы тұрғысынан зерттеген. Шетелдік зерттеушілердің еңбектері де енгізілді: Джеймс Фрэзер (The Golden Bough, 1922), Роджер Эбрахамс (Folklore and Verbal Art, 1976), Брюс Линкольн (Discourse and the Construction of Society, 1989)

сияқты ғалымдар магиялық мәтіндердің антропологиялық, мифологиялық және символдық аспектілерін жан-жақты қарастырған.

Зерттеу материалдары ретінде қазақ, қырғыз, алтай, саха (якут), бурят және халха-моңғол халықтарының арбау мәтіндерінің үлгілері таңдалды. Бұл мәтіндер ритуалдық контекстте, ауызша түрде жинақталып, ауруды жою, зиянды рухтардан қорғау және табиғат күштеріне ықпал ету сияқты магиялық функцияларды атқарған. Материалдарды талдау барысында әр халықтық дәстүрдің ортақ мотивтері, тұрақты формулалық тіркестері, поэтикалық құрылымы мен сакралды лексикасы салыстырмалы түрде қарастырылды. Осы материалдар негізінде арбау жанрының типологиялық ұқсастықтары анықталып, түркі және моңғол халықтарының магиялық фольклорының ортақ мәдени-генетикалық негізі мен әлеуметтік-мәдени рөлдері жан-жақты сипатталды.

3. Талқылануы

Арбау – түркі және моңғол халықтарының ауызша шығармашылығындағы магиялық фольклор жанры құрамында қызмет ететін күрделі мәдени үрдіс. Ол ауызша сөздік формулалар арқылы әлеуметтікмәдени тәжірибелерді жүзеге асыратын ғұрыптық тілдік жүйеге жатады. Ғылыми зерттеулер арбауды магиялық ісәрекет пен нанымсенімнің сөйлеу техникасы ретінде қарастыруда, онда сөздің өзі космологиялық және әлеуметтік функцияларды атқарады. Бұл тұрғыда арбау жанры тек сөз өнері ғана емес, сондайақ әлеуметтікпсихологиялық үрдіс ретінде зерттелуі қажет. Бұл тәсіл магиялық фольклордың көпқабатты сипатын сипаттауға мүмкіндік береді (Богданов, 2015).

Арбау фольклоры шамандық, тәңіршілдік, анимистік нанымдар мен табиғат культтері сияқты архаикалық дүниетаным элементтерімен тығыз байланыста болады. Бұл аспект ритуалды поэзия мен сөздің емдік және қорғаушы функцияларын түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Ежелгі қоғамда белгілі бір тұлғалар ерекше мәртебеге ие болып, оларды ауруларды, жарақаттарды және денсаулық мәселелерін емдеуге қабілетті деп есептеген, яғни емшілер ретінде қабылдаған. Осындай емшілер тек адамға ғана емес, сонымен қатар жануарларға да көмек көрсеткен. Орта Азия халықтарының дәстүрлі мәдениетінде емшілік көбінесе шамандық рәсімдердің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Шын мәнінде, емшілік шамандардың негізгі қызметтерінің бірі және олардың әрекеттері діни-мистикалық сенімдерге негізделген, сондай-ақ күрделі және түсініксіз ауруларды емдеуде кейде жалғыз жол болған. Осы ойымызды ғалым М.М. Содномпилова мақаласында: «Шипалық немесе культтік тәжірибемен айналысатын әртүрлі санаттағы адамдар, олар емшілікпен тығыз байланысты болып, түрік, түркі тілдес халықтар – түріктер, монғолдар, буряттар, якуттар, хакастар арасында кездеседі. (Содномпилова, 2020: 68).

Арбау тақырыбы тек эстетикалық құбылыс қана емес, сондайақ қоғамдық және психологиялық қызметтерді де орындайды. Бұл тұрғыда арбау емшілік сөздер ретінде ауруды жеңу, зиянды көзден қорғау, оң энергия тарту сияқты әлеуметтік жағдайларды реттеуші құрал ретінде түсіндіріледі. Моңғол халықтарында емдік арбаулар ауруды түсіндіру, денсаулықты қалпына келтіру және дәстүрлі медицина компоненттері ретінде зерттелді. Онда сөздік және музыкалық компоненттер

адам денсаулығы мен психологиясына әсері бар ритуалды функциялар ретінде қарастырылады. XX ғасырдың басында жарық көрген А.В. Ветухов еңбегі халық медицинасындағы арбауларды жүйелі түрде ғылыми жіктеуге талпынған алғашқы зерттеулердің бірі ретінде бағаланды. Ғалым өзінің 1907 жылы Варшава қаласында жариялаған еңбегінде арбауларды мазмұны мен атқаратын қызметіне қарай іштей саралап, оларды нақты ауру түрлеріне бағытталған емдік мәтіндер ретінде қарастырады. Бұл жіктеу арбаудың тек түйсікке негізделген құбылыс емес, белгілі бір логикаға бағындырылған, тәжірибелік медициналық функция атқарғанын көрсетеді.

Ғалым А.В. Ветухов еңбегінде емдік арбаулар бес негізгі топқа бөлініп қарастырылады: безгекке қарсы арбаулар, көз тиюге қарсы арбаулар, қан тоқтатуға арналған арбаулар, тіс ауруына қарсы арбаулар және сирек кездесетін өзге де сырқат түрлеріне бағытталған арбаулар. Мұндай жіктеу халық медицинасында кең тараған ауру түрлерінің арбау арқылы емделу жиілігі мен әлеуметтік маңызын айқындауға мүмкіндік берді. Әсіресе безгек, көз тию, қан кету және тіс ауруы сияқты күнделікті өмірде жиі ұшырасатын дерттердің жеке-жеке топ ретінде қарастырылуы – арбаудың дала қоғамында нақты қажеттіліктен туындаған емдік институт болғанын дәлелдейді (Ветухов, 1907: 438-439). Еңбектің соңғы тарауында жылан шаққандағы уды қайтаруға арналған арбаулардың арнайы, дербес тарау ретінде емес, өзге көптеген ауруларды емдеудің бір түрі ретінде ғана қамтылуы назар аударарлық. Бұл жағдай улы жәндіктер шаққандағы арбаулардың салыстырмалы түрде сирек кездесетінін немесе белгілі бір өңірлік ерекшелікке тән болғанын аңғартады. Сонымен қатар А.В. Ветухов бұл тарауда Ә. Диваев П. Тойтановтан жазып алған мәтінді өзгеріссіз жариялайды. Мұның өзі бір жағынан аталған арбау мәтінінің кең таралғанын және этнографиялық құндылығы жоғары үлгі ретінде танылғанын көрсетсе, екінші жағынан арбаулардың авторлық емес, дәстүрлі ұжымдық сана жемісі екенін дәлелдейді (Ветухов, 1907: 438-439).

Ал С. Сейфуллин жариялаған арбау мәтіндері арбаудың дала өміріндегі емдік рөлін әлдеқайда кең ауқымда көрсетеді. Оның еңбектерінде «Жылан шаққандағы уын қайтару арбауы», «Бүйі шаққандағы арбау», «Қарақұрт шаққандағы арбау», «Бәленгі шаққандағы арбау», «Түйені шаққандағы арбау» сияқты мәтіндердің берілуі арбаудың халық медицинасында негізгі емдеу тәсілі болғанын дәлелдейді. Бұл арбаулар дала тіршілігінде улы жәндіктердің адам өміріне төндірген қатері жоғары болғанын, соған сәйкес арбау мәтіндерінің де мол әрі жан-жақты түрде қалыптасқанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, арбау тек сөз арқылы әсер етуге бағытталған магиялық ғұрып қана емес, халықтың эмпирикалық тәжірибесімен ұштасқан психотерапиялық және әлеуметтік реттеуші механизм қызметін де атқарған. Арбау арқылы науқастың үрейін басу, сенімін күшейту, қауым ішінде емге деген ортақ үміт қалыптастыру сияқты маңызды әлеуметтік-психологиялық функциялар жүзеге асқан.

Бұл мәселеге қатысты ертеректе жазылған И. Ибрагимов еңбектерінде де қазақ қоғамындағы арбаудың емдік маңызы айқын көрсетіледі. Оның этнографиялық очерктерінде арбаулардың күнделікті тұрмыста кең қолданылғаны, әсіресе улы жәндіктер шаққан жағдайда арбаудың міндетті түрде орындалатын емдік рәсім ретінде танылғаны атап өтіледі (Ибрагимов, 1872:125).

А.В. Ветуховтың жіктемесі мен С. Сейфуллин, Ә. Диваев, И. Ибрагимов сынды зерттеушілердің материалдары арбаудың халық медицинасындағы орны айрықша болғанын дәлелдейді. Арбау – қазақ және жалпы түркі халықтарының дәстүрлі емдеу жүйесінде қалыптасқан, сөздің сакралды қуатына негізделген, нақты ауру түрлеріне бағытталған кешенді ғұрып түрі. Ол фольклорлық мәтін ғана емес, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе мен дүниетанымның көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан қарағанда арбау жанры әлеуметтік тәжірибелерді реттеу құралдары ретінде де қабылданады**,** өйткені олар қоғамдағы қауіпті жағдайларды жеңуге бағытталған тәжірибелік тілдік формулаларды қолданады.

«Арбау» ұғымы түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымында, әсіресе магиялық-ғұрыптық тәжірибесінде маңызды орын алатын көне тілдік әрі мәдени үрдіс. Бұл атау әртүрлі түркі этностарының тілдік, мифологиялық және діни-сенімдік жүйесіне сәйкес өзіндік семантикалық реңктерге ие болып, уақыт өте келе әртүрлі мағынада қолданылып келген. Түркі халықтарының архаикалық танымында сөздің магиялық қуаты ерекше бағаланып, белгілі бір формуламен, ырғақпен, әуенмен айтылған сөздер арқылы табиғатқа, адам денсаулығына, тылсым күштерге әсер етуге болады деген сенім орныққан. Осы тұрғыдан алғанда, «арбау» тек тілдік бірлік қана емес, сонымен қатар ғұрыптық әрекет, сакралды коммуникацияның бір түрі ретінде зерттеледі.

Бұл мәселені алғаш ғылыми тұрғыда жүйелі түрде сипаттаған зерттеушілердің бірі – А.Н. Самойлович. Ғалым саха (якут) халқының этнографиялық және тілдік материалдарын талдай отырып, «арба» етістігінің бақсылық, шамандық тәжірибеде қолданылғанда ерекше мағынаға ие болатынын атап көрсетеді. Оның пікірінше, сахаларда «арбау» әрекеті «науқастың сырқатын құрбандыққа шалынған малға көшіру» деген ұғыммен тікелей байланысты болған. Мұндай түсінік магиялық аудару, көшіру жағдайына негізделеді, яғни ауру, кесел немесе жаман күш тірі адамнан алынып, басқа бір объектіге – көбінесе малға, кейде жансыз затқа «ауыстырылады». Бұл – көптеген көне мәдениеттерге ортақ архаикалық сенімнің көрінісі. Самойлович сипаттаған бұл құбылысты қазақ фольклорындағы «бәдік» ғұрпымен салыстыру орынды. Бәдік кезінде де ауруды, жын-періні немесе жамандықты сөз арқылы «алдап-арбау», басқа бір нысанға көшіру, не болмаса елден аластату идеясы басым. Сондықтан зерттеушінің пайымына сүйенсек, арбау мен бәдік бір-біріне жақын, функциялық тұрғыдан ұқсас магиялық әрекеттер ретінде бағалануы мүмкін (Самойлович, 1916: 5-6). Берілген дерек ғалымның түркі халықтарындағы арбау-дуа дәстүрінің терминологиялық және семантикалық табиғатын айқындауға бағытталған ғылыми тұжырымын танытады. Автор «Туркменские заговоры» атты мақаласында «Йылан доғасы», «Мөй доғасы», «Иәна мөй доғасы» деп аталатын үш мәтінді жариялау арқылы түркілік магиялық, фольклорлық мәтіндердің құрылымдық әрі лексикалық ерекшеліктерін талдайды. Ғалым бұл мәтіндердегі «доға» атауының түп-төркіні араб тіліндегі «дуа» сөзімен байланысты екенін көрсетеді. Алайда араб тілдік-мәдени кеңістігінде ауруды, кеселді немесе зиянды күшті сөз арқылы аластау мағынасында «азимет» термині орныққанын атап өтеді. Түркі халықтарының дүниетанымында осыған сәйкес қызмет атқаратын ұғымдар «арбаг», «арбак», «арбау» сөздері арқылы берілген. Бұл дерек түркі және араб мәдениеттеріндегі магиялық мәтіндердің ортақ

әрі айырмашылықты қырларын айқындап, арбау жанрының этномәдени негізін ғылыми тұрғыдан терең түсінуге мүмкіндік береді (Живая старина, 1912: 119).

Арбау ғұрпымен сабақтас діни айтыстарда бақсы, молда бейнелері арқылы сөздің тылсым қуаты мен сенімнің ықпалы көрініс тауып, магиялық әрі рухани арбау функциясы қатар айқындалады. Осындай ерекшеліктерді негізге ала отырып, ғалымдардың пікірінше, діни айтыстың қалыптасу кезеңін шамамен IX-X ғасырлармен, яғни қазақ жеріне ислам дінінің кеңінен тарала бастаған дәуірімен сабақтастыра қарастырған орынды. Өйткені көне айтыс үлгілерінде сақталған түркі халқының исламға дейінгі наным-сенім белгілері мен кейінгі ислами түсініктердің қатар көрініс табуы бұл үрдістің өтпелі сипатта болғанын аңғартады. Айтыстың ежелгі сөз қағысу үлгілеріндегі «Көш, көш», «Алас, алас» тәрізді тіркестер түркілік көне сенім жүйесін танытса, «Мекке», «Алла Тағала», «Құдай» секілді ұғымдардың пайда болуы ислами дүниетанымның халық санасында орныға бастағанын дәлелдейді (Mursalimova, Aça 2025: 250).

«Қара құртты сөзбен оқу» атты мәтінді М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына 1948 жылы Ұлытау өңірінен жинап тапсырған Хасенова Зейнеп: «Дұғаның қалғанын үйрене алмай қалдық», – деп ескерту жасаған.

Нұр йылан, термір йылан,
От йылан, су йылан,
Оқ йыланғ гомілген йылан...
Һөкмі Дәуід, һөкмі Сүлеймен
Ілчі гелді, ушванд гелді
Кушванд гелді! Біреу, біреу
Куф... Чык! «Йылан доғасы (137-бума, 4-дәптер: 55-бет).

Түркі халықтарының ішінде малқар-қарашай халықтарында да осындай «жилян алгыш» деп аталатын арбау кездеседі. Мұндағы сөздердің көбісі түсінікті болғанымен, тұспалдар мен баламалардың мағынасы толық ашық емес. Мысалы:

Кьууфу жилян, уу жилян,	Куфу жылан, у жылан,
Тешигинге кир, жилян.	Теігіңе кір жылан.
Жел аты, жел кьамичиси,	Жел атты, жел қамшысы.
Жел атына минип,	Жел атына мініп,
Жетегейге кетип,	Жетіқарақшыға кетіп,
Кьош кьулакьдан,	Қол алақан,
Ол аятдан	Ол Аятдан.

(Малкьарлыланы бла кьарачайлыланы халкь поэзия чыгьармачылыкьлары, 1988: 192)

Қазақ, әзірбайжан, малқар-қарашай, моңғол, тәжік сияқты елдер қораға қасқыр жоламау үшін өздеріне тән арбау ұғыптарын пайдаланып, малын аман сақтап қалған. Бұл туралы ғалым Б. Абылқасымов еңбегінде: «Бұл салт қазақ, ізербайжан, малқар-қарашай, моңғол, тәжік секілді көптеген халықтарда кездеседі. Тәжіктер

қасқыр жоламау үшін бір уыс топырақ алып, үш қайтара арбау оқитын да, қораны айналдыра әлгі топырақты шашатын. Айтылатын арбау мынау: «Қақырдың жағын байладым, мен байлаған жоқпын, Әли байлады» (Абылқасымов, 1993: 68).

Малкар-қарашайлар «Бөрі аузын байлағанда»:

Жаллыса, кьаллыса,	Жалдысы, қаллысы,
Аузунг кьурушсун,	Аузың қарыссын,
Тишлеринг бир бирине киришсин.	Тістерің бір-біріне кіріссін.
Аштотур амин десин,	Аштотур амин десін,
Апсаты кьабыл этсин.	Апсаты қабыл қылсын.

(Малкьарлыланы бла кьарачайлыланы халкь поэзия чыгьармачылыкьлары, 1988: 192)

Көбінесе дұға мәтіндерінде Жаратушының шексіз құдіретіне тағзым ету, оған жалбарыну және рухани медет тілеу негізгі орын алса, арбау жанрында сөздің формуласы мен оған ілесе орындалатын іс-әрекеттердің магиялық пәрменіне деген сенім басым болады. Яғни дұғада нәтиже Құдайдың еркіне тәуелді деп түсіндірілсе, арбауда мақсатқа жету тікелей сөздің қасиеті мен оны орындаушының магиялық ықпалына байланысты деп ұғынылады. Осы тұрғыдан алғанда, арбау мәтіндері мифологиялық-магиялық дүниетанымның көрінісі ретінде сөз бен әрекеттің тылсым күшіне негізделген сенім жүйесін айқын аңғартады.

Ғалым Ш. Уәлиханов арбаудың этнографиялық сипаттары жөнінде мынадай деректер келтірген: «Біреуді өзіне ғашық ету, көңілін байлау немесе қырғыздар айтатындай, «басын айналдыру» үшін әртүрлі заговор, яғни арбау тәсілдеріне жүгінеді. Солардың ішінде әсіресе ізге салынатын сиқырлар назар аударарлық. Мұндай арбаулар жөнінде орыс ертегілерінде де айтылады, мысалы, мыстан кемпірдің Добрыня Никитичке жасаған сиқырлары туралы. Көбінесе арбауларды қантқа немесе мейізге айтып, кейін оны тиісті адамға жегізеді. Қырғыздарда сиқырлау, дуалау, яғни чародейство мен колдовство әртүрлі атаулармен белгілі. Ең алдымен, арбау деп аталады (одан жабайы тастақ өңірде тұратын қырғыздарда *арбын*, ал қайсақтарда *арбаушы* деген атаулар шыққан). Қайсақтарда *арбау* деп негізінен дуалау, арбау сөздерін атайды, ал *арбаушы* – арбау арқылы адамды сиқырдан, аурудан және басқа да кеселдерден айықтыра алатын қабілеті бар адамдар. Мәселен, адамды жылан шаққан жағдайда, қырғыздар тірі жыланды ұстап алып, оған арбау айтады. Егер арбау шын мәнінде әсерлі болса, жылан сол сәтте-ақ өлуі тиіс. Жалпы, бұл сөздің бастапқы мағынасы…» (Уәлиханов, 1961: 481-482), – дей келе, арбау ұғымына анағұрлым кең мағына береді. Оның пікірінше, «қазақтар арбау деп заговорды айтады», яғни арбау – сөз арқылы орындалатын магиялық әрекеттің жалпы атауы. Бұл анықтамада арбаудың қызмет аясы тек ауруды емдеумен немесе жәндіктердің уын қайтарумен шектелмей, кең көлемдегі тылсым күштерге ықпал ету қабілетін қамтиды. Ғалымның түсінігінде арбаушы – әртүрлі сырқаттан, бәле-жаладан, көз тиюден, жын-пері ықпалынан қорғай алатын, ерекше қасиетке ие адам. Ш. Уәлихановтың еңбектерінде келтірілген деректерге сүйенсек, XIX ғасырдың өзінде-ақ халықтық ортада магиялық сөздің әсері мен оның шипалық қуатына деген сенімнің жойылмағанын байқауға болады.

Магиялық мәтіндер ауруды емдеудің, зиянды күштерден сақтанудың тиімді құралы ретінде қабылданған. Бұл пікірді XX ғасыр басындағы деректер де нақтылай түседі. Атап айтқанда, орыс зерттеушісі А. Самойлович 1916 жылы Мұстафа Шоқайдан бүргеге қарсы айтылатын дуаның мәтінін жазып алып, оны «Живая старина» журналында жариялаған. Аталған дереккөзде М. Шоқай қазақ-қырғыз халқы дуаның күші қол шапалақтың дауысы естілетін кез келген кеңістікте әсер етеді деп сенгенін атап көрсетеді (Самайлович, 1916: 1-33).

Ә. Диваев арбау ұғымын орыс тіліне «заговор» және «заклинение» деп аудара отырып, бұл терминдерді синонимдік қатарда қолданады. Алайда оның еңбектерінде арбаудың қолдану аясы анағұрлым тар сипатта көрінеді. Ә. Диваевтың пайымдауынша, арбау көбіне улы жәндіктердің (жылан, шаян, өрмекші т.б.) уын қайтару, олардың зиянын залалсыздандыру мақсатында орындалатын магиялық мәтіндер мен әрекеттер жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Осы себепті ол арбаушыны әмбебап маг-емші ретінде емес, нақты бір тәжірибелік қызметті атқарушы тұлға ретінде сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда, арбау феноменіне қатысты ғылыми көзқарастар арасында белгілі бір айырмашылық бар екені байқалады. Ш. Уәлиханов арбауды кең мағыналы, көпқызметті магиялық ғұрып ретінде бағаласа, Ә. Диваев оны нақты бір функциямен, яғни улы жәндіктердің уын қайтару ісімен шектейді. Ал А.Н. Самойловичтің тұжырымы арбаудың архаикалық, тотемдік-шамандық сипатын айқындап, оны ауруды «көшіру» сияқты символдық-ғұрыптық әрекетпен байланыстырады. Демек, «арбау» ұғымы түркі халықтарының рухани мәдениетінде көпқабатты, көпмағыналы феномен ретінде қалыптасқан. Ол бір жағынан – сөздің магиялық қуатына сенуден туған ғұрыптық әрекет болса, екінші жағынан – халықтық медицинамен, шамандық және бақсылық дәстүрмен тығыз сабақтас күрделі мәдени құбылыс. Әртүрлі зерттеушілердің пайымдаулары бұл ұғымның тарихи даму барысында әрқилы қызмет атқарғанын және оның мәнін біржақты түсіндіру мүмкін еместігін көрсетеді.

Түркі халықтарының магиялық-ғұрыптық фольклорын зерттеу ісінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында еңбек еткен ғалымдардың жинақтаған деректері айрықша маңызға ие. Осындай зерттеушілердің бірі – Н.Н. Пантусов, ол Іле өңіріндегі ұйғыр халқының этнографиясы мен ауызша дәстүрін зерттеу барысында «Бақшыларның арбеғи» атты мәтінді хатқа түсіріп, ғылыми айналымға енгізген. Бұл дерек ұйғырлар арасындағы магиялық сөз өнерінің түркілік ортақ негізге ие екенін дәлелдейтін маңызды материалдардың қатарына жатады.

Ұйғыр тіліндегі «арбеғи» атауының фонетикалық әрі семантикалық құрылымына назар аударсақ, оның қазақ тіліндегі «арбау» терминімен тікелей төркіндес екені айқын байқалады. Сондықтан бұл атаудың мәнін арнайы дәлелдеп түсіндірудің өзі артық, себебі екі халықтағы қолданыс та бір мәдени-танымдық қабаттан туындаған. Мұнда біз түркі халықтарына ортақ магиялық ұғымдардың тілдік бейімделу арқылы әртүрлі формада сақталғанын көреміз. Яғни «арбау» – қазақ фольклорында, «арбеғи» – ұйғыр дәстүрінде бір түбірлі, бір қызметті атқаратын сакралды мәтін түрі. Н.Н. Пантусов бұл ұйғыр тіліндегі мәтінді орыс тіліне «заговоривание бакшей» деп аударған. Аударманың өзінен-ақ ғалымның арбеғиді тек жай сөз немесе

фольклорлық мәтін ретінде емес, белгілі бір магиялық әрекетпен, яғни бақсының орындауындағы ритуалдық сөз үлгісі ретінде қабылдағанын аңғаруға болады. Мұндағы «заговоривание» термині магиялық формула айту арқылы тылсым күштерге ықпал ету, ауру-кеселді емдеу немесе зиянкес күштерді аластау әрекетін білдіреді.

Бұл ұғым қазақ дәстүріндегі «бақсы сарыны» терминімен толық сәйкес келеді. Бақсы сарыны – бақсының ем-дом, аластау, шақыру немесе арбау кезінде айтатын әуезді, ырғақты, поэтикалық мәтін. Ол тек сөздік мазмұнмен шектелмей, әуен, ырғақ, қайталау және интонация арқылы магиялық әсер тудыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, Н.Пантусов тіркеген «Бақшыларның арбеғи» мәтіні – ұйғырлар арасындағы бақсылық поэзияның, яғни сакралды сөз өнерінің көрінісі. Маңыздысы – Н.Пантусовтың аудармасы арбауды жеке, дербес магиялық ғұрып ретінде емес, бақсының қызметімен тығыз байланысты кешенді әрекет ретінде түсіндіреді. Бұл көзқарас арбау ғұрпын фольклор мен халық медицинасын, шамандық дүниетанымды біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Яғни арбеғи – бақсы тұлғасынан, оның ритуалдық әрекетінен бөлек өмір сүре алмайтын сакралды мәтін.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу нәтижесінде арбау жанрының түркі және моңғол халықтарындағы емдік қызметінің ортақ үлгілері анықталды. Бұл отандық және шетелдік фолькортанушы ғалымдардың емдік арбау жайлы айтқан пікірлерімен дәлелденді. Н.Н. Пантусов жазып алған «Бақшыларның арбеғи» мәтіні түркі халықтарындағы арбау жанрының ортақ сипатын дәлелдейтін құнды дерек болып табылады. Ол ұйғыр және қазақ мәдениеттеріндегі бақсылық, магиялық сөз, арбау мен бақсы сарыны сияқты ұғымдардың тарихи-генетикалық байланысын айқындап, арбаудың тек тілдік емес, кең ауқымды этномәдени құбылыс екенін көрсетеді. Бұл материалдар арбау ғұрпын жалпы түркілік сакралды поэзияның маңызды бір саласы ретінде қарастыруға толық негіз береді.

Салыстырмалы типологиялық талдау арбау жанрының ортақ мотивтерін анықтауға мүмкіндік береді. Екі мәдениетте де ауруды еңсеру, зиянды рухтарды шығару, табиғат күштеріне ықпал ету, сөздің магиялық әсеріне сенімділік сияқты универсалды белгілер бар екені айқындалады. Бұл әлеуметтік және ғұрыптық функциялардың тұтастығын көрсетеді, яғни сөздің белгілі бір сөздік формула ретінде қоғамда және дүниетанымда объективті механизм ретінде орын алатынын дәлелдейді. Арбау мәтініне морфологиялық және семантикалық талдау жасалған зерттеулерде ортақ магиялық құрылымдар талданады, бұл тұрғыдан олар түркі және моңғол фольклорының көшпелі мәдени дәстүрлерінің біртұтастығын көрсетеді.

Демек, арбау магиялық фольклордың көпқырлы мәдениәлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс. Оның сөздің магиялық әсері, поэтикалық қайталанулар, әлеуметтік психологиялық механизмдер және шамандықпен байланыс сияқты элементтері арбауды тіл, дүниетаным және қоғам арасындағы көп деңгейлі байланыс ретінде көрсетеді. Салыстырмалытипологиялық әдіс арбаудың құрылымдық поэтикалық ерекшеліктерін жанжақты зерттеуге мүмкіндік берді, нәтижесінде түркі және моңғол халықтарының арбау жанры ортақ мәденигенетикалық негізге сүйенеді әрі дүниетанымдық тұтастықты көрсетеді**.**

Түркі халықтарының фольклорында магиялық мәтіндер – арбау, алғыс, шақыру және шамандық жанрлар синкреттік мағынаға ие, олар мифтік санамен, антропологиялық түсінікпен және әлеуметтік сенім жүйесімен тығыз байланысты. Ғалым Ж. Аймұхамбет магиялық жанрларды ғұрыптық контексте талдайды, олардың мифология, өнер, білім беру және әлеуметтік салаларда қызмет атқаратынын көрсетеді, бұл арбаудың тәрбиелік, мағыналық және функциялық кеңдігі туралы маңызды дерек береді (Аймұхамбет, 2025: 242-252).

Арбау мәтіндері нақты ғұрыптық контексте орындағанда рухтарға бағытталған тілдік жаттығулар ретінде қызмет етеді, ал алғыс пен жалбарыну мәтіндері қоғамдағы моральдық және әлеуметтік тұрақтылықты бекітуге бағытталған. Мұндай функциялар арбаудың тек магиялық әсер қана емес, сонымен қатар этикалық және тәрбиелік әдептерді қалыптастырушы құрал ретінде де қолданылатынын айқындайды. Синкреттік табиғат бұл жанрлардың мифтік санаға терең енуі мен күнделікті өмір салттарымен тығыз байланысы арқылы айқын көрінеді. Ғұрыптық жанрлар ертеден келе жатқан нанымсенімдер, көне анимистік және шамандық түсініктердің көрінісі ретінде қоғам мәдениетінің махаббат, қорғаныс, игілік пен қауіптен қорғау сияқты мәндерді сөздік формулалар арқылы бейнелеуіне мүмкіндік береді. Бұл жанрлар әлеуметтік тәжірибелерді реттеп, дәстүрлі қағидаларды ұжымдық санаға әкелетін когнитивтік тұрақты модельдер ретінде қызмет етеді. Сол себепті, магиялық жанрларды зерттеу тек фольклордың құрылымдық элементтерін талдау ғана емес, сонымен бірге ауызша дәстүр мен қоғам арасындағы мәдениантропологиялық байланыстарды түсіну болып табылады. Бұл зерттеу арбау сияқты жанрлардың тәрбиелік, мағыналық және функциялық кеңдігі мен олардың қоғамдағы рөлін нақтырақ көрсетуге жол ашады.

5. Қорытынды

Қорытындылай айтқанда, зерттеу нәтижелері түркі және моңғол халықтарының магиялық фольклор жүйесінде арбау жанрының көне дүниетанымдық қабаттармен тығыз сабақтастығын айқын көрсетеді. Арбау мәтіндері адам мен табиғат, адам мен тылсым күштер арасындағы қарым-қатынасты реттеуші сакралды құрал ретінде қызмет атқарған. Мақалада арбаудың құрылымдық, поэтикалық және функционалдық ерекшеліктері салыстырмалы-типологиялық тұрғыда талданып, екі халық фольклорындағы ортақ мотивтер мен айырмашылықтар анықталды. Әсіресе магиялық сөздің күшіне деген сенім, ритуалдық қимыл-әрекетпен қабаттасуы және формулалық тұрақты тіркестердің сақталуы архаикалық ойлау жүйесінің жалғастығын дәлелдейді. Сонымен қатар, арбау жанрының емдік, қорғаныштық және ықпал ету функциялары халықтық медицинаның, наным-сенімдердің және салт-дәстүрдің ажырамас бөлігі болғаны айқындалды. Зерттеу барысында арбау мәтіндерінің мифологиялық негізі мен семантикалық қабаттары ашылып, олардың мәдени жадыны сақтаудағы рөлі көрсетілді. Түйіндей келгенде, арбау жанрын кешенді түрде қарастыру түркі-моңғол халықтары фольклорының типологиялық ұқсастықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді әрі магиялық фольклорды қазіргі гуманитарлық ғылым тұрғысынан бағалауға маңызды ғылыми негіз қалайды.

Әдебиеттер:

1. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы. – 1993. 68-б.

2. Аймұхамбет Ж. Шәкір Ыбыраев еңбектеріндегі ғұрыптық фольклор мәселелері // Turkic Studies Journal. – 2025. – Т. 7. – № 3. – 242-252 б. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-242-252

3. Богданов К. Повседневная жизнь и мифология: исследования по семиотике фольклорных практик. – Санкт-Петербург: Азбука; Азбука-Аттикус, 2015. – 416 б.

4. Бүркітбаева Ш.Д., Шарғынова А. Е. Фольклорлық мәтіндердегі магиялық наным-сенімдер жүйесі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2024. – № 4 (149). – 228-238 б.

5. Дампилова Л. С., Хабунова Е. Е., Елбикова Б. В., Заяасүрэн Ч. Лечебные заклинания и магические заговоры в фольклоре монгольских народов // «Дәстүрлі мәдениет» ғылыми альманағы. – 2024. – Т. 25. – № 4. – 32-40 б. https://doi.org/10.26158/TK.2024.25.4.004

6. Бойл Джон Эндрю, Turkic and Mongolian Shamanism in the Middle Ages. Folklore. – 1972. – Т 83. – 177 б.

7. Ибрагимов И. Этнографические очерки о кыргызском народе. – Мәскеу, – 1872. 25-шығарылым. – 125 б.

8. Малкьарлыланы бла кьарачайлыланы халкь поэзия чыгьармачылыкьлары // – Нальчик. – 1988. – 192 б.

9. Неклюдов С.Ю. Тюркологический сборник // баспасының шығыс әдебиеттерінің редакциясы. – Москва: Наука, – 1981. 184-б.

10. Самойлович А. Қазақ-қырғыз материалдарынан: бүргеге қарсы әзіл-оспақ арбау // Живая старина. – 1916. – І-шығарылым. – Қосымша № 4. – 5-6 б.

11. Содномпилова М.М. Близнецы-целители в культуре тюрко-монгольских народов: совокупность лечебных методов, знаков и приёмов // Ежелгі технологиялар зертханасының хабарлары = Reports of the Laboratory of Ancient Technologies. Т. 16. № 2. Б. 67-80. https://doi.org/10.21285/2415-8739-2020-2-67-80

12. Уәлиханов Ш.Ш. Қырғыздар арасындағы шамандықтың іздері // Шығармалар жинағы. – Алматы, 1961. – Т. 1. – 469 б.

13. Ветухов А. Народное целительство, основанное на вере в силу слова: заклинания, заговоры, амулеты и другие формы. – Варшава, 1907. – 438-439 б.

14. Ыбыраев Ш., Тұрғанбаев А. Түркі халықтары фольклорындағы ғұрыптық дәстүрлер // Turkic Studies Journal. – 2024. – Т. 6. – № 2. – 192-205 б.

15. Живая старина. – 1912. – № 1. – 119 б.

16. Mursalimova N., Açа M. Kazak akinlarinin aytislarinda dinî değerler. – Ankara, 2025. 248-s. https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1528647

17. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Қолжазбалар қоры. – 137-қор, 4-дәптер. – 55 б.

References:

1. Abylqasymov B. (1993). Telqonyr. Almaty.

2. Aimukhambet Z. (2025). Shakir Ybyraev enbekterindegi ghuryptyq folklor maseleleri. Turkic Studies Journal, 7(3), 242–252. https://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-3-242-2527

3. Bogdanov K. (2015). Povsednevnaya zhizn i mifologiya: Issledovaniya po semiotike folklornykh praktik. Azbuka; Azbuka-Atticus.

4. Burkitbaeva Sh. D., & Shargynova, A. E. (2024). Folklorlyq metinderdegi magiyalyq nanım-senimder zhuiesi. Bulletin of L. N. Gumilyov Eurasian National University, (4(149)), 228–238.

5. Dampilova L. S., Khabunova, E. E., Elbikova, B. V., & Zaayaasuren, Ch. (2024). Lechebnye zaklinaniya i magicheskie zagovory v folklore mongolskikh narodov. Scholarly Almanac Traditional Culture, 25(4), 32–40. https://doi.org/10.26158/TK.2024.25.4.004

6. Ibraev Sh., & Turganbaev, A. (2024). Türki khalyqtary folkloryndagy ghuryptyq dastürler. Turkic Studies Journal, 6(2), 192–205.

7. Ibragimov I. (1872). Etnograficheskie ocherki o kyrgyzskom narode. Russian Turkestan, 25, 125.

8. John Andrew Boyle. (1972). Turkish and Mongol shamanism in the Middle Ages. Folklore, 83, 177.

9. Malkyarlilany bla k'arachaylilany halk' poeziya chyg'armachylyk'lary. (1988). Nal'chik.

10. Mursalimova N., & Açа, M. (2025). Kazak akinlarinin aytislarinda dinî değerler. Ankara. https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1528647

11. M. O. Auezov Institute of Literature and Art. (n.d.). Manuscript collection (Fund 137, File 4).

12. Neklyudov S. Yu. (1981). Tyurkologicheskiy sbornik. Nauka.

13. Samoilovich A. (1916). Qazaq-qyrgyz materialdarynan: burgege qarsy äzil-ospak arbau. Zhivaya Starina, (1, Suppl. 4), 5-6.

14. Sodnompilova M. M. (2020). Bliznetsy-tseliteli v kulture tyurko-mongolskikh narodov: sovokupnost' lechebnykh metodov, znakov i priemov. Reports of the Laboratory of Ancient Technologies, 16(2), 67–80. https://doi.org/10.21285/2415-8739-2020-2-67-80

15. Ualikhanov Sh. Sh. (1961). Qyrgyzdar arasyndagy shamandyktyn izderi. In Collected works (Vol. 1). Alma-Ata.

16. Vetukhov A. (1907). Narodnoe tselitelstvo, osnovannoe na vere v silu slova: zaklinaniya, zagovory, amulety i drugie formy. Warsaw.

17. Zhivaya Starina. (1912). (1), 119.

ҒТАМР 17.07.41 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-14

Е. Елдос[1*], А. Алмасханқызы[2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: eesimzhanov1@gmail.com, almaskhanqyzy@mail.ru
ORCID: 0009-0006-4777-2069, 0009-0005-4799-2988

СВЕТҚАЛИ НҰРЖАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТ ҚЫЗМЕТІ

Андатпа. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы интертекстуалдылық құбылысы Ю.Кристева, М.Бахтин, Р.Барт, Ж.Женетт сияқты теорияшыл ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып кешенді түрде талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Светқали Нұржан шығармашылығындағы тарихи, мифопоэтикалық, діни және мәдени кодтардың тоғысуын, олардың поэтикалық мәтіннің көпқабатты мағыналық құрылымын қалыптастырудағы рөлін айқындау. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы интертекстуалдылықтың қазақ әдебиетінде ұлттық жадты сақтау, тарихи сабақтастықты жаңғырту, дәстүр мен модернді тоғыстыру құралы ретіндегі қызметін анықтаумен түсіндіріледі. Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері қазіргі поэзия мәтіндерін филологиялық, мәдениеттанулық және семиотикалық аспектіде талдауға қолдануға мүмкіндік береді. Әдіснама ретінде мәтінтанулық талдау, салыстырмалы-типологиялық және мифопоэтикалық тәсілдер қолданылды. Интертекстуалдылықтың паратекст, гипертекст, метатекст түрлері жүйеленіп, нақты мысалдармен дәйектелді.Зерттеу нәтижесінде Светқали Нұржан поэзиясында тарихи тұлғалар (Махамбет, Күлтегін), мифологиялық бейнелер (Қыран, Жел, Нұх кемесі), діни сілтемелер (Құран аяттары, сопылық мотивтер), географиялық атаулар (Көкше, Баян-Өлгей, Қазығұрт) және классикалық мәтіндермен (Абай, шығыстық поэзия) байланыс көпқабатты көркемдік жүйе түзетіні анықталды. Қорытындылай келе, мақала интертекстуалдылықтың қазіргі қазақ поэзиясында тек эстетикалық емес, сонымен қатар тарихи-мәдени және рухани-идеялық қызмет атқаратынын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері әдебиеттану мен мәдениеттану салалары үшін теориялық және әдістемелік тұрғыдан құнды болып табылады.

Кілт сөздер: интертекстуалдылық, мифопоэтика, тарихи жад, мәдени код, діни мәтіндер

Е. Елдос[1*], А. Алмасханкызы[2]
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
E-mail: eesimzhanov1@gmail.com, almaskhanqyzy@mail.ru
ORCID: 0009-0006-4777-2069, 0009-0005-4799-2988

ФУНКЦИЯ ИНТЕРТЕКСТА В ПОЭЗИИ СВЕТКАЛИ НУРЖАНА

Аннотация. В статье комплексно рассматривается феномен интертекстуальности в современной казахской поэзии на основе теоретических положений Ю.Кристевой, М.Бахтина, Р.Барта и Ж.Женетта. Цель исследования – выявить взаимодействие исторических, мифопоэтических, религиозных и культурных кодов в творчестве Светкали Нуржана и показать их роль в формировании многослойной поэтической структуры текста. Научная значимость работы определяется тем, что интертекстуальность рассматривается как средство сохранения культурной памяти, обновления исторической преемственности и соединения традиции с модерном. Практическая ценность заключается в возможности использования

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
Е. Елдос1, А. Алмасханқызы. Светқали Нұржан поэзиясындағы интертекст қызметі // "Керуен". - 2026. №1, (90-том). - Б. 203-218. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-14

результатов исследования при филологическом, культурологическом и семиотическом анализе текстов казахской поэзии. В исследовании применяются методы текстологического анализа, сравнительно-типологический и мифопоэтический подходы. Систематизируются формы интертекстуальности – паратекст, гипертекст, метатекст – с привлечением конкретных текстовых примеров. Выявлено, что в поэзии Светкали Нуржана исторические фигуры (Махамбет, Культегин), мифологические образы (Орёл, Ветер, Ковчег Ноя), религиозные аллюзии (аят Корана, суфийские мотивы), географические топонимы (Кокше, Баян-Улгий, Казыгурт) и связи с классическими текстами (Абай, восточная поэзия) образуют многослойную художественную систему. В итоге доказано, что интертекстуальность в современной казахской поэзии выполняет не только эстетическую, но и историко-культурную, духовно-идеологическую функции.

***Ключевые слова*:** интертекстуальность, мифопоэтика, историческая память, культурный код, религиозные тексты

Y. Yeldos[1*], A. Almaskhanqyzy[2]
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: eesimzhanov1@gmail.com, almaskhanqyzy@mail.ru
ORCID: 0009-0006-4777-2069, 0009-0005-4799-2988

THE FUNCTION OF INTERTEXT IN THE POETRY OF SVETQALI NURZHAN

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the phenomenon of intertextuality in contemporary Kazakh poetry based on the theoretical frameworks of Julia Kristeva, Mikhail Bakhtin, Roland Barthes, and Gérard Genette. The aim of the study is to explore the interaction of historical, mythopoetic, religious, and cultural codes in the works of Svetkali Nurzhan and to reveal their role in shaping the multilayered semantic structure of poetic texts. The scholarly significance of the research lies in defining intertextuality as a tool for preserving cultural memory, revitalizing historical continuity, and bridging tradition with modernity. From a practical perspective, the results can be applied in philological, cultural, and semiotic analyses of Kazakh poetry. The study employs textual analysis, comparative-typological methods, and mythopoetic approaches. Various forms of intertextuality – paratext, hypertext, and metatext – are systematized and illustrated with textual examples. The findings demonstrate that in Svetkali Nurzhan's poetry, historical figures (Makhambet, Kültegin), mythological images (the Eagle, the Wind, Noah's Ark), religious allusions (Quranic verses, Sufi motifs), geographical toponyms (Kokshetau, Bayan-Ölgii, Qazyghurt), and references to classical texts (Abai, Eastern poetry) together form a complex and multilayered artistic system. In conclusion, intertextuality in modern Kazakh poetry is shown to serve not only aesthetic but also historical-cultural and spiritual-ideological functions.

Keywords: intertextuality, mythopoetics, historical memory, cultural code, religious texts.

1. Кіріспе

Қазіргі қазақ поэзиясында интертекстуалдылық құбылысы ерекше назар аударуды қажет етеді. Әлемдік әдебиеттануда Ю.Кристева, М.Бахтин, Р.Барт, Ж.Женетт сияқты ғалымдар негізін қалаған интертекстуалдылық теориясы әдеби мәтіндердің өзара байланысын, мәдени-тарихи кодтардың тоғысуын зерттеуге жаңа мүмкіндік берді. Дегенмен, қазақ әдебиетінде, әсіресе қазіргі поэзияда интертекстуалдылықтың тарихи, мифопоэтикалық және діни қырлары жүйелі түрде зерттеліп болған жоқ. Бұл ғылыми олқылық зерттеудің тақырыбын таңдауды негіздейді.

Тақырыптың өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, посткеңестік кеңістікте ұлттық болмыс, тарихи жад, рухани құндылықтар мәселесі

алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі ақындар, соның ішінде Светқали Нұржан, тарихи тұлғалар мен мифологиялық бейнелерді, Құран аяттары мен халықтық фольклорды жаңаша көркемдік контексте пайдаланып, ұлттық идентичтілікті қайта пайымдауға ұмтылуда. Екіншіден, интертекстуалдылық тек көркемдік тәсіл ғана емес, мәдениетаралық диалог пен өркениеттік сабақтастықты орнататын маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Зерттеудің нысаны – қазіргі қазақ поэзиясы, ал пәні – ондағы интертекстуалдылықтың көркемдік, тарихи және мәдени қызметі.

Зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ поэзиясында интертекстуалдылықтың тарихи-мәдени және діни-мифологиялық кодтармен байланысын анықтау, оның көркемдік-эстетикалық және рухани-идеялық қызметін ашу. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– интертекстуалдылықтың теориялық негіздерін жүйелеу;

– Светқали Нұржан шығармашылығындағы тарихи, мифологиялық және діни сілтемелерді талдау;

– интертекстуалдық тәсілдердің поэтикалық мәтіннің көпқабатты құрылымын қалыптастырудағы рөлін анықтау.

Зерттеуде мәтінтанулық, салыстырмалы-типологиялық, мифопоэтикалық және дискурстық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің болжамы: егер қазіргі қазақ поэзиясы интертекстуалдық тәсілдер арқылы ұлттық тарихи жад пен рухани дәстүрді көркемдік тұрғыда жаңғыртса, онда бұл поэзия мәдениетаралық диалогқа қатысып, ұлттық бірегейлікті сақтаудың да құралына айналады.

Жұмыстың ғылыми маңызы – қазіргі қазақ поэзиясын әлемдік интертекстуалдылық теориясы тұрғысынан жаңаша пайымдауында; практикалық маңызы – алынған нәтижелерді әдебиет теориясы, мәдениеттану және филология салаларындағы зерттеулерде қолдану мүмкіндігінде.

2. Зерттеу әдістері мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

– Контекстуалдық талдау – мәтіндегі тарихи-мәдени және мифопоэтикалық қабаттарды ашу үшін;

– Салыстырмалы-типологиялық әдіс – қазақ поэзиясын әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру үшін;

– Функционалдық талдау – интертексттің эстетикалық, коммуникативтік, идеологиялық және идентификациялық қызметтерін анықтау үшін;

– Мифопоэтикалық талдау – архетиптік образдардың мағыналық табиғатын ашу үшін;

– Дискурстық талдау – мәтіндегі мәдени, тарихи және философиялық дискурстардың өзара әрекетін зерттеу үшін.

Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ поэзиясындағы интертекстуалдық кодтардың (тарихи, мифопоэтикалық, діни, мәдени) негізгі түрлерін айқындап, олардың поэтикалық мәтіннің көркемдік құрылымын қалыптастырудағы рөлін анықтауға бағытталды.

2.2 Материалдарға сипаттама

Зерттеудің материалы ретінде қазіргі қазақ поэзиясының мәтіндері алынды. Негізгі талдау нысанына Светқали Нұржанның «Көкірегім – көне кітап», «Көкше аңызы», «Даладағы дауыстар», «Қараой. Махамбет басы», «Ай таранған түн» және басқа да поэтикалық шығармалары кірді. Жалпы алғанда, тарихи, мифопоэтикалық, діни және мәдени аллюзиялары бар 30-дан астам мәтін қарастырылды. Сандық тұрғыдан материал XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басын қамтыса, сапалық тұрғыдан дәстүрлі және постмодернистік интертекстуалдық стратегияларды тоғыстырған поэзиялық үлгілер алынды.

Интертекстуалдылық ұғымы алғаш рет XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік әдебиеттануда кеңінен талқыланды. Ю.Кристева М.Бахтиннің диалогизм теориясына сүйене отырып, мәтінді «цитаталар мозаикасы» ретінде қарастырды. М.Бахтин сөздің көпдауыстылығы мен мәдени-тарихи диалогтылығын айқындап, мәтіннің әрқашан өзге мәтіндермен байланыста болатынын көрсетті. Р.Барт «Автордың өлімі» еңбегінде мәтінді авторға тәуелсіз мәдени кодтар жүйесі ретінде түсіндіріп, оқырман рөлін күшейтті. Ж.Женетт интертекстуалдылықтың типологиясын жасап, интертекст, паратекст, метатекст, гипертекст және архитекст ұғымдарын енгізді. Бұл теориялар қазіргі әдебиеттануда мәтіндер арасындағы диалогты зерттеудің әдістемелік негізін қалады.

Қазақ әдебиеттануында «интертекст» ұғымының тікелей қолданылуы кейінгі кезеңде белсенділік алса да, мәтінаралық байланыстардың сипаты мен қызметін зерттеу мәселесіне бірқатар ғалымдар айрықша үлес қосқанын байқаймыз.

Зерттеуші Р.М.Әбдіқұлованың пайымдауынша, интертекстуалдық теориясының алғышарттарын отандық әдебиеттануының бастапқы кезеңдерінен-ақ көруге болады (Әбдіқұлова, 2016:33). Бұл тұрғыда А.Байтұрсынұлының әдебиет теориясына арналған еңбектері, М.О.Әуезовтің эпос пен фольклор табиғатын талдауы, Н.Келімбетовтің тарихи поэтикаға қатысты ізденістері, Е.Д.Тұрсынов пен Ө.Күмісбаевтың фольклорлық мәтіндерді салыстырмалы тұрғыда қарастыруы, А.Қыраубаева, А.С.Әділова, Р.Әбдіқұлова, А.Б.Темірболат секілді зерттеушілердің еңбектері ерекше орын алады.

Әсіресе, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі әрі ірі әдебиеттанушы М.О.Әуезов интертекст ұғымын дербес теориялық категория ретінде қарастырмағанымен, оның «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты мақаласында эпостық мұралардың қалыптасу арналары жөніндегі ой-тұжырымдары қазіргі интертекстуалдық зерттеулермен астасып жатыр. Бұл еңбектерде дәстүр сабақтастығы, мәтіндердің өзара ықпалдастығы, тарихи-мәдени кодтардың бір-біріне енуі секілді интертекстуалдық әдістің негізгі белгілері анық аңғарылады.

Зерттеулерде көбінесе тарихи және фольклорлық аллюзиялар ғана талданып, мифопоэтикалық, діни және мәдени кодтардың өзара байланысы жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Сонымен қатар, қазақ поэзиясын әлемдік интертекстуалдық теориялар контексінде салыстырмалы түрде талдау жетіспейді.

3. Талқылануы

Зерттеу барысында қазіргі қазақ поэзиясындағы интертекстуалдық тәсілдердің бірнеше негізгі типтері анықталды: тарихи-интертекстуалдық, мифопоэтикалық,

діни-рухани және мәдени кодтар. Бұл кодтар Светқали Нұржан шығармашылығында поэтикалық мәтіннің көпқабатты семантикалық құрылымын қалыптастырып, ұлттық тарихи жад пен рухани дәстүрді көркемдік тұрғыда жаңғыртуға қызмет етеді.

«Интертекстуалдылық» терминін 1960 жылдары Юлия Кристева, Михаил Бахтин идеялары негізінде француз әдеби теориясына енгізді. М.Бахтин: «Әр сөз өзге сөздің иелігінде, өзге интонацияға қанық» (Бахтин, 1975:88) деп жазады. Бұл ой кез келген мәтіннің өзге мәтіндермен және мәдениеттермен диалогқа түсетінін айқындайды. Бұл тұжырым кез келген мәтіннің өзге мәтіндермен, мәдениеттермен, дәуірлермен үздіксіз байланыс орнататынын, әрбір сөздің өзінен бұрынғы дискурстардың ізі мен интонациясын сақтай отырып, жаңа мағынаға ие болатынын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, интертекстуалдылық құбылысы тек әдебиет шеңберімен шектелмей, мәдениетаралық коммуникацияның да әмбебап принципі ретінде көрініс табады Кристева бұл идеяны дамытып: «Әр мәтін цитаталардың мозаикасы ретінде құрылады; әр мәтін өзге мәтіндердің сіңуі мен түрленуі болып табылады» (Кристева, 1969:66) дейді. Осы тұрғыда мәтін бір мезетте әрі автордың шығармашылығының нәтижесі, әрі тарихи-мәдени дәстүрлердің жалғасы болып табылады. Яғни жаңа мәтіннің тууы бұрынғы мәтіндермен үздіксіз диалогқа түсу арқылы жүзеге асады: цитата, реминисценция, аллюзия, пародия секілді интертекстуалдық механизмдер бұрынғы дискурстарды қайта өңдеп, жаңа мағыналарға ие етеді. Ролан Барт «Автордың өлімі» еңбегінде: «Автор енді мәтіннің қожайыны емес; мәтін – мыңдаған мәдени дереккөздерден құралған цитаталар матасы» (Барт, 1977:146) деп атап өтеді. Оның пайымдауынша, мәтін – бір адамның дара ойы мен еркінен туындаған тұйық құрылым емес, сан алуан мәдени кодтардың, алдыңғы мәтіндердің және идеологиялық дискурстардың тоғысқан кеңістігі. Автор – тек мәтінді жазып шығаратын емес, осы кодтарды жаңа формада тоғыстыратын медиатор іспетті.

Барт мәтінді «мыңдаған мәдени дереккөздерден құралған цитаталар матасы» деп сипаттай отырып, оның полифониялық сипатына назар аударады. Бұл жерде әрбір сөйлем, образ немесе стильдік элемент бұрынғы мәтіндердің ізі мен даусын сақтайды, сол арқылы жаңа туындыда интертекстуалдық өріс түзіледі. Осы тұрғыдан алғанда, мәтіннің мағынасы тек автордың ниетіне тәуелді емес, оны оқырман, мәдени контекст және өзге мәтіндермен диалог айқындайды.

Барттың бұл идеясы әдебиетті біртұтас мәдени дискурс ретінде қарастыруға жол ашып, кейінгі постструктуралистік және деконструктивистік теорияларға терең ықпал етті. Жерар Женетт интертекстуалдылықтың типологиясын (Палимпсесттер) ұсынады: интертекст (цитаталар, аллюзиялар), паратекст (тақырыптар, эпиграфтар), метатекст (комментарийлер), гипертекст (пародиялар, пастиштер), архитекст (жанрлық байланыстар) (Женетт, 1997:7).

Посткеңестік дәуір жаңа міндеттер әкелді: ұлттық болмысты, тілді және мәдени жадты қайта пайымдау қажеттілігі. Бұл кезеңде ұлттық болмыс тек саяси немесе этникалық ұғым ретінде ғана емес, тілдік, мәдени, өркениеттік кеңістіктің тұтастығы ретінде қарастырыла бастады. Тіл – ұлттық бірегейліктің басты діңгегі ретінде ұлттық тарих пен мәдениеттің жалғастығын қамтамасыз етеді. Ал мәдени жад – ұжымдық тәжірибенің, тарихи құндылықтардың және рухани кодтардың сақталу тетігі.

Светқали Нұржанның «Көкірегім – көне кітап» өлеңінде, қазақ халқының рухани дәстүріне, ауыз әдебиеті мен шежірелік мәдениетіне сілтеме жасайды. Қазақ дүниетанымында көкірек – даналықтың, жадының, рухтың мекені. «Қырық қазына, мың мағына» (Светқали, 2008:3) тіркестері де халық мұрасындағы байлық пен даналық кодтарына меңзейді.

Сонымен қатар «Антымды аман мұрам бар» (Светқали, 2008:3) жолы ұлттық тәуелсіздік пен тарихи жадыны, ата-баба аманатын еске салады. Автор бабалардың рухымен тілдесіп, тарихи сабақтастықты өз мәтініне енгізеді.

«Саңқылдаған қыран» (Светқали, 2008:4) бейнесі түркі мифологиясында рухтың, еркіндіктің және тәңірлік күштің символы. Бұл бейне қазақ эпостары мен аңыздарына тікелей интертекст болып тұр. Қыран тек еркіндік пен батылдықтың белгісі ғана емес, сонымен қатар тәңірлік күш пен көктің рухани билігінің нышаны болып саналады. Түркі эпостарында батырдың рухы қыран кейпінде бейнеленіп, оның ерлігі мен асқақтығы осы құспен теңестіріледі. Қазақтың жыраулық поэзиясында да қыран – ерлердің серігі, ал биік шыңдарға ұмтылу – рухани биіктікке жетудің символы. Бұл өлеңде қыранның саңқылы тек табиғи сурет емес, ата-баба мұрасы мен тәңірлік дәстүрдің үні ретінде оқылады.

Ал «Жел оқиды – өлген соң» (Светқали, 2008:4) жолы шамандық немесе анимистік түсініктерге, табиғат пен рух арасындағы байланыстарға меңзейді. Желдің өзі хабар жеткізуші, мәңгілік қозғалыстың белгісі ретінде көрінеді. Жел арқылы ата-бабаның үні естіледі деген сенім бар: ол – тірілер мен рухтар арасындағы медиатор. Бұл поэтикалық бейне өлең мәтінін табиғат құбылыстары мен рухани әлем арасындағы шексіз диалог алаңына айналдырады. Желдің «оқуы» – тек метафоралық амал емес, сонымен қатар әлемнің мәңгілік қозғалысы мен өзгерісінің көркем бейнесі. Бахтиннің диалогизм теориясын еске алсақ, мұнда табиғаттың өзі «оқырман» әрі «сөйлесуші» ретінде қатысады: ақын өлген соң оның сөзін халық та, жел де жалғастырып оқиды. Бұл тәсіл табиғат пен адам, өткен мен болашақ арасындағы үзілмес байланысты айқындайды. Сонымен бірге, жел – қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін мотив. «Желмен келген хабар», «жел естіді» секілді тіркестер ауызекі тілде де рухтар мен хабарды жеткізуші ретіндегі архетиптік ұғымды сақтап қалған. Демек, бұл жол тек табиғи құбылысты суреттемейді, ол тұтас мәдени және мифологиялық кодтарды жандандырады. Осылайша, өлеңдегі қыран мен жел бейнелері арқылы табиғат тек декорация емес, рухани әлемнің қатысушысы ретінде қабылданады. Ақынның көне мифтер мен сенімдерге сүйенуі – қазақ поэзиясының тамырын дәстүрлі дүниетанаммен жалғап, соны қазіргі эстетикалық кеңістікте жаңғыртудың айқын үлгісі.

Ю. Кристева интертекстуалдылықты мәтіндер арасындағы шексіз диалог ретінде қарастырады. Бұл өлеңдегі әрбір бейне (кітап, қыран, жел, айлы түн) – бұрынғы мәтіндерден келген мәдени сигнал (Кристева, 1969:35).

Светқали Нұржан «Бір үзік … балалық» өлеңінде, ақын Дүйсенбек Қанатбектің өлеңіне сілтеме жасай отырып, өз естеліктерімен толықтырады. Балалық естелік (акустикалық «із») арқылы кеңестік тың дәуірінің дискурсына, көшпелі дүниетанымның архетиптеріне және қазақ тұрмысының поэтикалық коды (нар,

керуен, соғым, қар) тоғысатын көпдауысты (полифониялық) мәтін. «Қызыл» түсі бір мезгілде дәстүрлік (нар, от) және саяси-идеологиялық (қызыл орыс) кодтарды қабаттап, өткеннің дауыстарын қақтығыстыра шақырады.

Оңдырып, қысқарды қызыл өріс,
Үркіп, қонбай ұшқан-ды тізіле құс.
…Ақырып тұр өркүмге – жүзі кейіс
Қызыл нардан кіші емес қызыл орыс» (Светқали, 2008:25)

Қызыл нар – көшпелі мәдениетте шыдамдылық, құрбандық пен дәулеттің символы. Өлеңде оның бейнесі тарихи-саяси реңк алады: «Қызыл нардан кіші емес қызыл орыс»» (Светқали, 2008:25). Құс пен жел мотивтері – анимистік дүниетанымның реликті, үйлесімнің бұзылуын жеткізетін деталь.

Ауызекі-ырымдық интертекстке жататын «Әйтшу, әйтшу» – түйешілердің көш кезінде айтатын үні. Өлеңде бұл рефрен балалық шақтың естелігіне айналып, фольклорлық кодты жандандырады. Осы тәсіл Есенғали Раушанов пен Тыныштықбек Әбдікәкімұлы поэзиясында да жиі қолданылады: тұрмыстық дыбыс – метафизикалық мағынаға көтеріледі.

Светқали Нұржанның «Бозбала кездің бос баласы» өлеңі ұлттық әдеби дәстүр, романтикалық лирика мен мифопоэтикалық бейнелердің тоғысынан тұратын туынды.

«Бара жатты екеуіміз қосыла айтқан
«Желсіз түнде жарық ай» қырдан асып»

«Желсіз түнде жарық ай» (Светқали, 2008:30) – Абайдың классикалық өлеңінің тікелей аталуын Женетт бойынша интертекст деп танимыз (Женнетт,1997:1). Ақын бозбалалық шақ пен алғашқы сезімдерді Абай поэзиясының романтикалық кеңістігіне байлап отыр.

Мұқанның «Бозқараған» – қазақ лирикасындағы дәстүрлі ән мен поэзия үндестігін білдіретін парамәтіндік ишара. Бұл ән арқылы қазақ даласының акустикалық жады, тұрмыстық-лирикалық реңкі ашылады.

«Боз көйлек қыз, бозбала, боз мұнар» (Светқали, 2008:30) – «боз» сөзі арқылы берілген түстік-символдық палитра романтикалық сағыныштың коды. Бұл – поэзиядағы гипограм: мәтіндегі қайталанатын семантикалық өзек (Риффатер, 1978:1-4).

«Сол бір қырда сол қалпы елесің жүр», «Жиі қатынап тұрам әлі…» (Светқали, 2008:30) – өткен шақтың елесі, естеліктердің үзілмейтін желісі Прустің «жады эстетикасын» еске салады. Прусттің ойынша, осылай оралған өткен шақ таза психологиялық естеліктен жоғары тұрады: ол эстетикалық тәжірибеге айналады. Өйткені жад арқылы қайта жаңғырған сәттер тек өткенді қайталамайды, оларды жаңа мәнге ие етеді, уақыт пен мәңгіліктің шекарасын өшіреді. Жад осылайша өнердің де, өмірдің де шынайы дереккөзіне айналады (Прус,1913:40-51). Бұл уақыт пен естеліктің интертексті болып табылады.

Қазақ поэзиясында уақыт пен естеліктің тоғысуы Ілияс Жансүгіров пен Қадыр Мырза Әлі лирикасында да көрініс тапқан.

Светқали Нұржанның «Қараой. Махамбет басы» өлеңі – тарихи тұлға (Махамбет Өтемісұлы) тағдыры мен ұлттық поэзиядағы дәстүрлі символиканы тоғыстырған күрделі мәтін. Өлеңде тарихи факт, мифопоэтика, халық жадындағы архетиптер

мен жеке лирикалық үн тоғысып, интертекстуалдық палимпсест түзеді. Махамбет өлімі – қазақ тарихи жадындағы орны ерекше оқиға. *«Кесілген бас»* мотиві жыраулар поэзиясынан бастап XX ғасырдағы ақындарға дейін (Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев) жалғасып келе жатқан тұрақты мотив.

«Жын арбасып, Жындағы құмар да артып,

Ай көзіне қан жуып туар балқып.

Кесілген Бас… жүзінен есілген жас

Тұманында Қараойдың тұрар қалқып» (Светқали, 2008:39) – тарихи фактіні мифтік-символдық деңгейге көтереді. Мұнда Махамбет тек тарихи тұлға емес, ұлттық тағдырдың метафорасы. Бұл архетип – құрбандық пен киелілік идеясының тоғысы: бас – рухтың, ерліктің символы; оны кесу – тек физикалық өлім емес, ұлттық рухқа жасалған қастандық.

«Мен де қуып келемін Өз Басымды,

Оның да енді, әрине, Иесі жоқ!» (Светқали, 2008:39) – ақын өз тағдырын Махамбетпен байланыстырады. Бұл – лирикалық-экзистенциалдық интертекст: тарихи трагедиядан жеке адамның рухани драмасына ауысады. Махамбеттің «Мен – мен едім, мен едім» сарыны Светқали Нұржанда ішкі монолог арқылы жаңғырады. Лирикалық меннің экзистенциалдық дауысы Светқали Нұржанның «Баян-Өлгей. Бөкен тау» өлеңінде де кездеседі.

«Менің жетім жанымның сыңары боп,

Маңырап тұр Бөкен тау мені көріп» (Светқали, 2008:39) — ақын өз жаны мен таудың үнін бірлікте көрсетеді.

Мұнда әлемдік поэзиядағы Рильке, Лорка шығармаларындағы табиғат пен адам жанын тоғыстыратын мотивтермен үндестік бар.

Юлия Кристева – «мәтіндер мозаикасы» және «цитаталар тоғысы» ұғымдарын енгізді. Ол Бахтиннің диалогизм идеясын дамыта отырып, жеке лирикалық «Меннің» да басқа мәтіндер мен дискурстармен үздіксіз қарым-қатынаста екенін дәлелдеді (Кристева, 1969:66).

«Қараой. Махамбет басы» өлеңі – тарихи трагедияны мифтік және экзистенциалдық деңгейге көтерген күрделі интертекстуалдық мәтін.

Ю. Кристева мұндай сәттерді мәтіннің «полифониялық табиғаты» деп сипаттайды: табиғат дауысы, тарихи үн және ақын жанының үні бір кеңістікте тоғысады.

Кристеваша, бұл – мәтіндер мозаикасы; Бахтинше, тарихи, мифтік, лирикалық дауыстардың полифониясы; Женеттше, алдыңғы мәтіндерді жаңаша оқытатын гипертекст; Риффатерше, «Бас» семасы ақылы ұйымдасқан поэтикалық гипограм.

Қазіргі қазақ поэзиясы дәстүрлі мифологиялық кодтар мен заманауи көркемдік ізденістерді тоғыстыра отырып, мәдени жад пен ұлттық идентичтілікті қайта пайымдаудың жаңа формаларын ұсынады. Интертекстуалдылық бұл үдерісте негізгі поэтикалық құралдардың біріне айналды.

Светқали Нұржанның «Көкше аңызы» өлеңі – осы бағыттағы айқын үлгілердің бірі. Мұнда мифопоэтикалық, фольклорлық, діни және тарихи интертексттер жаңа көркемдік контексте қайта жанданып, поэтикалық мәтіннің көпқабатты мағыналық құрылымын құрайды.

Өлеңнің атауы — «Көкше аңызы» – мәтіннің архитектін айқындайды. Өлеңде Оқжетпес, Жұмбақтас, Жеке батыр, Бурабай, Сексен көл сияқты атаулар арқылы Көкшетау өңірінің мифологиялық кеңістігі жаңғыртылған. Әрбір топоним белгілі бір аңызбен байланысып, оқырман санасында «мәдени кодты» шақырады. Интертекстуалдық тәсілдер арқылы мәтін бір ғана оқиға не пейзаж шеңберінде қалмай, мәдениетаралық, өркениетаралық диалогқа айналады.

«Күйеу менен қалыңдық кіретұғын

Оқжетпес" ед отауы дара тіккен» (Светқали, 2008:43) – Оқжетпес мұнда қасиетті махаббаттың, қол жетпес сұлулықтың және биіктіктің символы ретінде қызмет атқарады.

Светқали Нұржанның «Баян-Өлгей. Бөкен тау» өлеңінде географиялық кеңістік пен тарихи-мифологиялық кодтар тоғысып, көпқабатты поэтикалық мағына жасалады.

Өлеңдегі Баян-Өлгей, Бөкен тау, Қобда – географиялық атаулар арқылы ақын тарихи-мәдени кеңістікті поэтикалық деңгейге көрініс береді. Қазақ әдебиетінде бұл тәсіл М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», І. Есенберлиннің тарихи романдарындағы топонимдермен үндес. «Алтай-Сұмын» өлеңіндегі Алтай, Бай-Өлке, Шыңжан, Қазығұрт сияқты нақты географиялық атаулар кездеседі. Бұл атаулар түркі өркениетінің бесігін, қазақ руларының қонысын, тарихи көші-қон жолдарын еске түсіреді. Ж. Женеттің паратекст және гипертекст категориялары тұрғысынан бұл сілтемелер тек географиялық факт емес, тарихи-мәдени жадтың көрінісі (Мирнайат,2015:534).

«Сұрап қалдым: «Қандай ед, – деп, – таңбаныз?

«Жебе таңба – Шыңғыс ханның Сүлдесі» (Светқали, 2008:43) – деген жолдарда Алтай мен Шыңғыс хан тарихы байланысып, эпикалық хронотоп жасалады.

М.Бахтиннің диалогизм ұстанымы тұрғысынан алғанда, топонимдер поэмаға өткеннің дауыстарын, халықтық аңыздардың «үнін» қосады; ал Р. Барт айтқандай, мұнда мәтін авторға тәуелді болмай, мәдени кодтар арқылы көпқабатты мағына жасайды (Барт, 1977:146).

Мифопоэтикалық интертекст мәтіннің көне мифологиялық және діни нарративтермен байланысын қамтамасыз етеді. Діни мәтіндердегі (Құран, Библия) жақсылық пен зұлымдық қарама-қарсылығы ғасырлар бойы әдебиетте космогониялық дуализмнің символдық көрінісі болып келген (Лаусен,2005:23).

Қазіргі қазақ поэзиясында мифопоэтикалық ойлауды және діни-философиялық кодтарды жаңаша пайымдау үрдісі белсенді түрде жүріп жатыр. Интертекстуалдылық бұл бағытта негізгі поэтикалық құралдардың біріне айналды. Мысалы, «Түркістан» өлеңіндегі, Қожа Ахмет Ясауи күмбезі – исламдық сопылық дәстүрдің, түркі мұсылмандығының рухани орталығы. Өлеңдегі «Көк күмбезіне Қожа-Ахметтің

Бір жетіп өлу арман боп» (Светқали, 2008:68) – деген жолдарда Түркістанға қажылық іспетті тәу ету идеясы айқын.

«Құрма-Аманаты Арыстанбаптың

Бұйырғай дағы жұртыма» (Светқали, 2008:68) – деген жолдар Құрандағы Құрма хадисіне меңзеп, әулиенің қасиетті аманатын аллюзиялық интертекст түрінде жеткізеді.

«Құран жаттаған абыздар», «Әумин де, көне, енді, Қазақ» (Светқали, 2008:68) – діни мәтіндерге тән дұғалық-интертекстік құрылымды қалыптастырады. «Даладағы дауыстар» өлеңінде:

«Сұр Заман ысқырады жылансынып.

Ай болып Ақ Күмбезден Құран сынып,

Үстіне құтырынған Ұран шығып» (Светқали, 2008:46) – өлеңдегі Құран, Ұран, Ақ Күмбез сияқты символдар тек көркемдік элементтер ғана емес, олар исламдық космогония мен түркілік мифологияның іргелі архетиптерін поэтикалық мәтінге енгізудің тәсілі ретінде көрінеді. Сонымен қатар, Светқали Нұржанның «Құдайлар қағанаты» өлеңінде діни мәтіндерден, аңыздардан алынған сілтемелер, көне мифтер мен өркениеттік кодтарды қайта пайымдау көрініс береді. Соның ішінде, интертекстік діни кодтар, монтеизм идеялары бар. «Алла – жалғыз! Тәңір – тақ!» (Светқали, 2008:46) – исламдық және түркілік дүниетанымдағы Жаратушының жалғыздығы идеясы Құран мен көне түркі жазбаларына тікелей сілтеме жасайды. «Алла – жалғыз!» – ислам дінінің басты қағидасы таухид (біркұдайшылық) ұғымымен тікелей байланысты. Құранның «Ихылас» сүресінде: «Құл: Ол – Алла, жалғыз. Алла – Мәңгілік. Ол тумаған және туылмаған. Оған ешкім тең емес» (Құран) деп анық жазылған. Ақын осы аяттағы концептіні поэтикалық тілде қайта жаңғыртып, исламдық интертекст құрады. Бұл тұста Ж. Женетттің жіктемесі бойынша интертекст пен гипертекст қатар іске қосылады (Женетт,1997:7): мәтін Құранмен тікелей диалогқа түседі, бірақ жаңа көркемдік контексте болады.

Көне түркі жазбаларында (Орхон-Енисей ескерткіштері) «Көк Тәңірі» ұғымы аспан мен әлемнің жаратушысы әрі әміршісі ретінде мадақталады.

Мысалы, Күлтегін жазуында: «Биікте Көк Тәңірі, Төменде Қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» деген жолдар бар (Күлтегін жазулары).

Сондай ақ, Светқали Нұржанның М.Мағауинге арнауында діни-рухани интертекстті жиі байқауымызға болады.

«Кәлимаша жуысып қап ерінім,

Аллам қолдап, аян берер Пір тағы» (Светқали, 2008:116) – исламдық және сопылық дискурстың көрінісі.

Исламдағы тәубе, күнә, рухани жаңғыру мотивтері мен түркілік Тәңір идеясы сабақтасып, мәдени-өркениеттік синтез жасайды.

Исламдық космогония – әлемнің жаратылысы, жақсылық пен жамандықтың пайда болуы, періштелер мен Ібіліс бейнесі, Қиямет, жұмақ пен тозақ туралы діни түсініктер жиынтығы. Бұл ұғымдар Құран аяттарында, хадистерде және исламдық тәпсірлерде көрініс табады.

Жалпы, ақын поэзиясында Құран аяттарына, сопылық дәстүрге, исламдық этика мен антропологияға қатысты сілтемелер мол ұшырасады. Олар шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұнын байытып, адасудан рухани жаңғыруға бет бұрған лирикалық кейіпкердің ішкі драмасын тереңдете түседі. Светқали Нұржанның «Омар Хайям алдында ақталу» атты күрделі туындысы – соның айқын мысалы.

«Алланың сүйген құлы», «Жар Нұры», «Пайғамбар үмбеті», «Ібілістің індеті» (Светқали, 2008:81– Құран аяттары мен исламдық дүниетанымға тікелей сілтемелер.

«Кешетінім – Дариғасы Ғылымның,
Өзендегі, Өзентегі Нұр – «Шарабан таһура!» (Светқали, 2008:81)

«Шарабан таһура» тіркесі Құрандағы Жәннат шарабына қатысты. Құранда «Шарабан таһура» – рухани тазарудың, мәңгілік рақаттың символы. Бұл жерде интертекст (Құран цитаталары) және метатекст (оларға берілген авторлық түсініктемелер) қатар жүреді. Светқали Нұржан бұл өлеңі Хайямға ақталу формасында жазылған: ақын өзінің адасқан күндерін, маскүнемдік пен дүние қызығына берілген сәттерін Хайямның шарап философиясымен байланыстыра отырып, одан рухани кешірім сұрайды. Сопылық әдебиетте шарап – Құдайдың махаббаты, рухани масаюдың, экстаздың символы. Руми, Хафиз, Ибн Фарид сияқты сопылық ақындарда шарап – адам рухының Жаратушымен бірігуі, мағрифат (таным) жолындағы рухани ләззаттың нышаны. Мұнда шарап ішу – Құдайға ғашық болудың, рухани мас болудың көркемдік коды. Светқали Нұржан осы дәстүрді жалғастырып, шарапты тән құмары емес, құдайлық Нұрды қабылдау ретінде түсіндіреді.

«Ай таранған түн» өлеңінде:

«Құс жолымен келеді ақ туылы Айым,
Бар бір қанға тараған тәтті у мәйін.
Құбылаға сәжде қып сыңсып жатыр
Шұғылаға шомылған аққу-қайың» (Светқали, 2008:147) – деген жолдары көркемдік тереңдігімен ерекшеленетін поэтикалық әлемді ашады. Бұл тіркестерді интертекстуалдылық тұрғысынан қарастырғанда, исламдық діни мәтіндермен, түркілік мифологиялық дәстүрмен және сопылық поэзиядағы рухани символдармен тікелей байланысы айқындалады.

Ақынның Құс жолын ерекше поэтикалық кеңістікке айналдыруы – ежелгі түркі дүниетанымымен сабақтас. Құс жолы – Сүт жолы. Көне түркілер дүние жүзіндегі басқа халықтар сияқты жұлдыздар адам тағдырына әсер етеді, бақыт сыйлайды және алып кетеді, белгілі бір жұлдыз белгілі бір адамның жан дүниесіне сәйкес келеді деп сенді. Сондықтан «аққан жұлдызға қарап, қазақ: «Менің жұлдызым жоғары»» деген. Түркі әлемінде Ай түннің иесі және нышаны саналған, сонымен қатар ол Күннің аспандағы әпкесі болған. Ертеде қазақтар айға табынып, сөйлеген сөзінде құрметпен айтқан. «Ай көрдім, аман көрдім, ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа» деп жаңа айға бата берді» (Энциклопедия, 2023:17-18) «Құбылаға сәжде қып» деген тіркес исламдық мәтіндерден келген тікелей интертекст болып табылады. Ақын бұл жерде сәждені тек адамның іс-әрекеті ретінде емес, бүкіл табиғаттың Жаратушыға мойынсұнуы ретінде бейнелейді. Сопылық поэзияда табиғат пен ғалам элементтері Жаратушыға құлшылық етуші тіршілік иелері ретінде жиі сипатталады. Осы дәстүрді жалғастыра отырып, ақын шұғылаға шомған аққу мен қайыңды сәжде қылғандай күйде суреттейді.

Ю.Кристева айтқандай, әрбір мәтін – «өзге мәтіндердің мозаикасы». Сондықтан поэзияда Құран мотивтері мен исламдық символдар тікелей дәйексөз ретінде емес, аллюзия, реминисценция, символдық код түрінде еніп, жаңа поэтикалық мәнге ие болады.

Жоғары да біз талдаған, «Даладағы дауыстар» өлеңіндегі тарихи-интертекстуалдық кодтар ұлттың мәдени жадын сақтап, тарихи кезеңдер мен тұлғаларды жаңа көркемдік тұрғыда қайта пайымдайды.

«Тартылған талай Ғасыр демі ішіне,
Аралас қызған емес мені ісіне.
Жеті жұрт…
Жеті Жұт пен Жеті Дәуір…
Сезінін түсінбеймін көбісіне»
«Көзімен аққан қанды тиске жағып,
Қайтемін өткенімді құстана ғұп.
Хан Шыңғыс, Сайын, Темір…
Он сан Ноғай
Жарқылдап жоғалады тұстан ағып» (Светқали, 2008:46)

«Жеті жұт», «Жеті дәуір», «Оғыз-Қыпшақ», «Шыңғыс хан», «Сайын хан», «Темір», «Он сан Ноғай» сияқты ұғымдар поэтикалық мәтінде гипертекстуалдық байланыстарды түзеді. Ж. Женетт теориясы тұрғысынан бұл сілтемелер мәтіннің көпқабатты мағыналық құрылымын қалыптастырады. Осылайша, тарихи интертекст Светқали Нұржан шығармаларында ұлттық болмысты, тарихи жад пен өркениеттік сабақтастықты бейнелейтін маңызды көркемдік құралға айналған.

«Туылың бар – түркің қайда, Күлтегін?
Құлыбың бар – кілтін қайда, Күлтегін?
Ұғымың бар – ұлтың қайда, Күлтегін?
Журының бар – жұртың қайда, Күлтегін?
Үйің бар – бұлтың қайда, Күлтегін?» (Светқали, 2008:117) – деп келетін Светқали Нұржанның М.Мағауинге арнауындағы Күлтегін есімі – көне түркі жазбаларындағы батыр, ел қорғаушы, түркі бірлігінің символы. Күлтегін, Шыңғыс хан, Ұлы Орда, көк Төрүктер сияқты сілтемелер – тек тарихи тұлғалар мен ұғымдардың атауы емес, олар түркі өркениетінің мәдени коды ретінде қызмет етеді. Мұндай образдар ұлттық тарихи жадты оятып, мәтінге эпикалық кеңістік пен уақыт береді.

Қазіргі қазақ поэзиясында тарихи жад, мифологиялық кеңістік жиі тоғысады. Светқали Нұржанның «Қазығұрттың басына кешкі сапар» өлеңі – осындай көпқабатты мәтіндердің бірі.

Өлеңде Қазығұрт тауы туралы аңыздар, түркілік мифология және заманауи рухани-экзистенциалдық сарындар тоғысып, күрделі семиотикалық өріс құрады.

«Қазығұрттың ай қона еңсесіне
Біз де шықтық ақырғы белесіне,
Нұх пайғамбар ғалейһи уәссәләмнің ізі жатыр,
… Өзі жоқ, кемесі де» (Светқали, 2008:125)

Қазығұрт тауы – түркілік және исламдық мифологияда киелі орын. Өлеңдегі бұл жолдар Топан су туралы мифке тікелей сілтейді (Тасполатов, 2016:12-15).

«Ай көрдім – аман көрдім» – қазақ халқының дәстүрлі бата-тілегінде кездесетін тіркес. Жаңа ай көргенде айтылатын бұл сөздер — көшпелі қазақтың дүниетанымы мен ырымдық поэзиясының бір бөлігі.

Светқали Нұржанның «Ай көрдім – аман көрдім» атты өлеңі дәстүрлі ислам мен сопылық ілімнің, халықтық діни сенімдердің, Құран мен хадис мәтіндерінің аллюзияларына бай.

«Табынған айға, күнге – пұтқа құл» деп,
Жүрген елді астырыма, сансыра ма.
Қазақпын деп болмаған! Ол – «ширк!» деп,
Әш болдың неге сонша, әнші бала!» (Светқали, 2008:129)

Ақын уахабизм мен салафизм сияқты жат идеологияларға қарсы тұрып, ұлттық руханият пен дәстүрлі исламның құндылықтарын қорғауды көздейді.

«Киесі бар, Иесі бар» деген жолдар тәңіршілдік пен исламдық сенімдердің синкретизмін бейнелейді. М. Бахтиннің көпдауыстылық концепциясы тұрғысынан алғанда, бұл жерде халықтық дүниетаным, исламдық мораль және қазіргі заман сыншылдығы қатар естіледі.

«Ай көрдім – аман көрдім» – қазақтың дәстүрлі бата-тілектерінен алынған образ. Жаңа ай көргенде айтылатын тілек елдің рухани мәдениетінде терең орын алған.

«Адамзат Азаттыққа жете алмайды,
Әуелі жетпей тұрып қазақтыққа…» (Светқали, 2008:129) – ақын бостандықты ұлттық руханиятпен, дәстүрлі құндылықтармен байланыстырады.

Бұл идея Ф. Ницшенің, А. Камюдің адамзат пен рухани дағдарыс туралы философиялық ойларымен үндес келеді.

Светқали Нұржанның «Ай, Сарыайшық!» атты өлеңі интертекстуалдық қабаттарға өте бай, мұнда тарихи жады, мифопоэтикалық кеңістік, діни сарындар мен рухани-философиялық толғаныстар тоғысады. Өлеңді интертекст теориясы негізінде талдау арқылы біз автордың мәтінді қалай «мәтіндер мозаикасына» айналдырғанын айқын көре аламыз.

Ю.Кристева айтқандай, әр көркем мәтін – өзге мәтіндердің жаңғырығы мен ізі. Бұл өлеңде де бірнеше қабат қатар көрінеді: тарихи хронотоп, исламдық мәдени кодтар, мифологиялық бейнелер, түркілік және қазақы танымға тән символдар тоғысады. М. Бахтиннің «көпдауыстылық» ұғымы (Бахтин, 1972:5-7) бойынша, мұнда әр дәуірдің, әр мәдениеттің үні қатар естіледі: Сарыайшық шаһарының қасіреті, Әз Жәнібек дәуірі, Ақ Жайықтың тағдыры, Әмір Темірдің тарихтағы ізі және бүгінгі күннің рухани сұрағы бір кеңістікте тоғысады.

Алдымен, тарихи-интертекстуалдық қабат. Сарыайшық – Алтын Орда заманындағы әйгілі шаһар, Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда мен мәдениеттің орталығы болған қала. Өлеңде оның қирауы, Мәскеуге тәуелділік кезеңі («Мәскеу жаққа көшкеннен соң бар сені») арқылы қазақтың тарихи жадындағы отаршылдық дәуірдің трагедиясы бейнеленеді. Әз Жәнібек ханның «Аққу көлі», Әмір Темірдің жорығы – мұның бәрі тарихи хроникаларға, аңыздарға сілтеме жасайды. Ж. Женетт мұндай мәтіндік сілтемелерді гипертекст деп атайды, яғни бұрынғы тарихи мәтіндер қазіргі поэтикалық мәтінде жаңаша мағынаға ие болады.

Өлеңдегі мифопоэтикалық интертексттерге мән беретін болсақ, Алтын қайық мініп жүрген ханша, Ай астында сынсыған қыз, уға айналған шекерлі көл, жұмбақ көзе – мұның бәрі халық жадындағы мифтік образдар мен архетиптерді жаңғыртады. Ай – шығыстық поэзияда сұлулық пен мұңның, кейде рухани нұрдың символы. «Алтын қайық мініп жүрген ханша» – ежелгі түркі-моңғол аңыздарындағы аспанға ұшқан сұлу қыздардың мифімен үндес.

Светқали Нұржанның «Үш қиян» атты өлеңі – тарихи жады, мифопоэтикалық кеңістік, діни-рухани сарындар мен философиялық толғаныстар тоғысқан күрделі туынды. Мұнда ақын қазақтың дәстүрлі поэтикасын заманауи рухани сұрақтармен ұштастырып, ұлттық тарих пен мәдени жадты қайта жаңғыртады. Өлеңді интертекстуалдылық теориясы негізінде талдағанда, оның көпқабатты құрылымы айқындала түседі.

«Еділдің бойы – елді қиян,
Жайықтың бойы – жанды қиян,
Маңғыстау бойы – малды қиян,
Мажыра-жалған – Үш қиян» (Светқали, 2008:170)

«Есіңде бар ма, ақ Еділ?
Жадымда жүр ме, ақ Жайық?
Жадымда ма мына, Маңғыстау?
Көк берілеген ұлып едім ғой Аспанға?!
Сіңіпті сол Үн Дастанға…» (Светқали, 2008:170)

Еділ мен Жайық бейнесі – жыраулық поэзиядағы тарихи кеңістікті еске салады. Ж. Женеттің жіктемесі бойынша, бұл – гипертекстуалдылық: бұрынғы тарихи мәтіндер қазіргі өлеңде қайта тіріліп, жаңа мағыналық деңгейге көтеріледі.

«Аспанға тігіп – шаңырағы шапақ, уығы сәуле», «Алланың нұры – Бұйрағым» (Светқали, 2008:170) деген жолдарда дүниенің жаралуы, жарық пен қараңғылықтың, хаос пен тәртіптің мәңгілік қарама-қайшылығы бейнеленеді. Шаңырақ – әлемнің моделі, Аспан мен Жерді байланыстыратын космогониялық символ. Мұндай образдар көне түркілік мифологиямен, жыраулық поэзиямен сабақтасып жатыр.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу жұмысының басты мақсаты – қазіргі қазақ поэзиясындағы интертекстуалдылық құбылысының тарихи, мифопоэтикалық, діни және мәдени кодтармен байланысын айқындау және оның поэтикалық мәтіннің көпқабатты семантикалық құрылымын қалыптастырудағы рөлін анықтау болды. Бұл мақсатқа жету үшін Ю.Кристева, М.Бахтин, Р.Барт, Ж.Женетт сияқты әлемдік әдебиеттану классиктерінің теориялық тұжырымдарына сүйеніп, мәтінтанулық, салыстырмалы-типологиялық, мифопоэтикалық және дискурстық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ поэзиясында, әсіресе Светқали Нұржан шығармашылығында интертекстуалдық тәсілдердің жүйелі түрде қолданылатыны, олардың ұлттық тарихи жадты жаңғыртуға, мәдени сабақтастықты сақтауға және рухани құндылықтарды қазіргі эстетикалық кеңістікпен сабақтастыруға қызмет ететіні анықталды. Тарихи-интертекстуалдық (Махамбет, Күлтегін, Шыңғыс хан), мифопоэтикалық (Қыран, Жел, Нұх кемесі), діни-рухани (Құран аяттары, сопылық мотивтер) және мәдени-географиялық (Көкше, Баян-Өлгей, Қазығұрт) кодтардың бір мәтін ішінде тоғысуы поэтикалық дискурстың көпқабатты семантикасын қалыптастыратыны дәлелденді.

Алынған нәтижелер теориялық тұрғыдан интертекстуалдылықтың қазақ поэзиясындағы көркемдік, тарихи-мәдени және рухани-идеялық қызметін айқындап,

оның ұлттық әдеби процестегі орнын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. Практикалық жағынан бұл тұжырымдар әдебиет теориясы, мәдениеттану, семиотика және салыстырмалы әдебиеттану салаларында, сондай-ақ жоғарғы оқу орындарының филологиялық пәндерінде оқыту үдерісінде қолдануға болады.

Зерттеудің перспективалары ретінде интертекстуалдылықтың заманауи қазақ прозасындағы көріністерін, сондай-ақ цифрлық дәуірдегі әдеби мәтіндер арасындағы жаңа типтегі байланыстарды зерттеу бағыттарын атап өтуге болады. Бұл болашақта қазақ әдебиетінің әлемдік әдеби процестегі орнын айқындауға және мәдениетаралық диалогты кеңейтуге үлес қосады.

5. Қорытынды

Қазіргі қазақ поэзиясындағы интертекстуалдылық құбылысы – терең мәнге ие, ерекше назар аударуды қажет ететін маңызды бағыттардың бірі. Бұл тәсіл ақындардың тек өз ойымен шектелмей, ұлттық рухани мұрамен және әлемдік әдеби кеңістікпен сабақтастықта шығармашылық жасайтынын аңғартады. Соның нәтижесінде поэзияда өткен мен бүгін, дәстүр мен жаңашылдық өзара тоғысып, жаңа көркемдік мазмұн қалыптасады. Интертекстуалдылық арқылы ақындар бұрынғы мәтіндермен іштей сұхбат құрып, сол арқылы өз ойын тереңірек жеткізеді. Бұл – поэзиядағы үнқатысу, рухани жалғастықтың бір көрінісі іспетті. Осындай тәсілдер өлеңнің мағыналық аясын кеңейтіп қана қоймай, оқырманды да белсенді ойлауға жетелейді. Себебі мұндай туындыларды қабылдау үшін оқырман тек мәтінді оқып қана қоймай, оның астарындағы ишаралар мен әдеби байланыстарды сезіне білуі қажет.

Жалпы алғанда, интертекстуалдылық қазіргі қазақ поэзиясының көркемдік деңгейін арттырып, мазмұндық тереңдігін байыта түсетін маңызды құбылыс болып табылады. Ол ақынның дара стилін айқындауға, шығармашылық ізденісін жаңа белеске көтеруге ықпал етеді. Сондықтан бұл бағытты жан-жақты қарастыру – қазақ әдебиеттануы үшін әлі де өзектілігін жоймайтын, терең зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі деп айтуға болады. Интертекстуалдылық поэзияны тек оқылатын мәтіннен артық, сезілетін, жүрекпен қабылданатын өнерге айналдырады. Оқырман әр жолда ойға батып, сөздің астарын аңғарып, жүрегіне түйеді. Өткеннің әуенін бүгіннің үнінмен үйлестіре отырып, ақын жаңа стильдік өрнектер ашады, әрі өз даралығын айқындайды. Мұндай шығармашылық тәсіл өлеңді уақытқа бағынбайтын, мәңгілік сырға толы етіп көрсетеді. Әрбір сөздің астарында – тарих, мәдениет және рухани ізденіс бар, олар оқырманды ойлануға, сезінуге, кейде тіпті жырлаған жанына жақын тартуға шақырады.

Сондықтан қазіргі қазақ поэзиясында интертекстуалдылық тек көркемдік құрал емес, рухани байланыс, шығармашылық еркіндік және әдеби дәстүрді жаңғыртатын күш болып табылады. Ол ақынның ой-өрісін кеңейтеді, өлеңге тереңдік қосады, және поэзияны тек оқылатын емес, өмірге әсер ететін, жүрекпен түсінілетін өнерге айналдырады.

Әдебиеттер:

1. Әбдіқұлова Р.М. Қазақ сөз өнеріндегі интертекст мәселесі. – Алматы: ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 2016 жыл. – 33-36 б.

2. Бахтин М.М. Әдебиет және эстетика мәселелері. – Мәскеу: Көркем әдебиет, 1975 жыл. –504 б.

3. Кристева Ю. Сөз, диалог және роман. – Мәскеу: Прогресс, 1969 жыл. – 64-91 б.

4. Барт Р. Автордың өлімі / Бейне – Музыка – Мәтін. – Нью-Йорк: Хилл және Ванг, 1977 жыл. – 142-148 б.

5. Женетт Ж. Палимпсесттер: Екінші дәрежелі әдебиет. Линкольн. – Лондон: Небраска университетінің баспасы, 1997 жыл. – 490 б.

6. Светқали Н. Ай таранған түн: Өлеңдер кітабы. – Алматы: Жазушы, 2008 жыл. – 384 б.

7. Риффатер М. Поэзия семиотикасы. Блумингтон; Индианаполис. – Индиана университетінің баспасы, 1978 жыл. – 234 б.

8. Пруст М. Свант жолы. Жоғалған уақытты іздеу. I том. – Лондон: Чатто және Уиндус, 1913 жыл. – 468 б.

9. Миренайат С.А., Суфастаеи Е. Жерар Женетт және мәтіндік трансценденцияны жіктеу. – Жерорта теңізінің әлеуметтік ғылымдар журналы, 6-том, №5, 2015 жыл, – 542 б.

10. Лоусон Т. Құрандағы дуализм, қарама-қайшылық және типология: Апокалиптикалық қабат. – Құрандық зерттеулер журналы, 10-том, №2, 2008 жыл, – 23-49 б.

11. Abdullah, M. Құран дискурсындағы интертекстуалдылық / Journal of Islamic Studies. – 2021 жыл. – DOI: 10.1093/jis/etaa099.

12. Saeed, A. Құранды қазіргі заманда оқу. – Лондон: Routledge, 2020 жыл. – 254 б. – DOI: 10.4324/9781315658033.

13. Күлтегін бітіктасының 1-бетіндегі мәтіні (I.1-40 жол) [Электрондық ресурс]. – Қолжетімді: https://bitig.kz/?bid=3&lang=e&les=14&li=1&mod=2&oid=15 (қаралған күні: 30.03.2026).

14. Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы. – Алматы: ҚазҒЗМИ, 2023 жыл. – 320 б.

15. Тасполатов Б.Т. Қазығұрт топонимдері. Монография. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2016 жыл. – 168 б.

16. Бахтин М.М. Достоевский поэтикасының мәселелері. – Мәскеу: Советская Россия, 1972 жыл. – 318 б.

References:

1. Abdikholova R. M. (2016). Intertext issues in Kazakh word art. Almaty: KazNU Bulletin, Philology Series, 33–36. (kaz)

2. Bakhtin M. M. (1975). Problems of literature and aesthetics. Moscow: Krokhem Literature. (rus)

3. Kristeva J. (1969). Word, dialogue, and the novel (pp. 64–91). Moscow: Progress. (rus)

4. Barthes R. (1977). The death of the author / Image – Music – Text (pp. 142–148). New York, NY: Hill and Wang. (eng)

5. Genette G. (1997). Palimpsests: Literature in the second degree (490 pp.). Lincoln, NE: University of Nebraska Press. (eng)

6. Svetqali N. (2008). Ay tarangan tun: Book of poems (384 pp.). Almaty: Zhazushy. (kaz)

7. Riffaterre, M. (1978). Semiotics of poetry (234 pp.). Bloomington, IN: Indiana University Press. (eng)

8. Proust M. (1913). Swann's way: In search of lost time (Vol. 1, 468 pp.). London: Chatto & Windus. (eng)

9. Mirenayat S. A., & Sufastaei, E. (2015). Gérard Genette and the classification of textual transcendence. Mediterranean Journal of Social Sciences, 6(5), 542. (eng)

10. Lawson T. (2008). Dualism, contradiction, and typology in the Qur'an: The apocalyptic layer. Journal of Qur'anic Studies, 10(2), 23–49. (eng)

11. Abdullah M. (2021). Intertextuality in Qur'anic discourse. Journal of Islamic Studies. https://doi.org/10.1093/jis/etaa099 (eng)

12. Saeed A. (2020). Reading the Qur'an in the contemporary world (254 pp.). London: Routledge. https://doi.org/10.4324/9781315658033 (eng)

13. Kul Tegin inscriptions, page 1 (lines I.1–40) [Electronic resource]. (n.d.). Retrieved March 30, 2026, from https://bitig.kz/?bid=3&lang=e&les=14&li=1&mod=2&oid=15 (eng)

14. Encyclopedia of symbols and signs of Kazakh culture. (2023). Almaty: KazGZMI. (kaz)

15. Taspolatov, B. T. (2016). Qazygurt toponyms (Monograph, 168 pp.). Shymkent: Alem Press. (kaz)

16. Bakhtin, M. M. (1972). Problems of Dostoevsky's poetics (318 pp.). Moscow: Sovetskaya Rossiya. (rus)

МРНТИ 17.82.09 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-15

А.Н. Нурланова[1*], Н.А. Мошенская[2], Т.В. Левина[3]
[1,2,3]Казахстанско-Американский свободный университет, г.Усть-Каменогорск, Казахстан
[1]e-mail: anur_81@mail.ru, [2]natalya-moshensk@mail.ru, [3]tanya_levina@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-9782-1507, [2]0000-0002-9468-0531,
[3]0009-0003-6363-1811

ОДИНОЧЕСТВО КАК УНИВЕРСАЛЬНЫЙ МОТИВ ЛИТЕРАТУРНОГО СОЗНАНИЯ

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается феномен одиночества как одна из ключевых и сквозных тем мировой и казахской литературы. Обоснована высокая актуальность исследования: в современном обществе, несмотря на развитие коммуникаций, одиночество приобрело характер острой социально-психологической проблемы, сравнимой некоторыми исследователями с «эпидемией». Цель работы – выявить основные аспекты и специфику художественного изображения одиночества, проанализировав его философское (экзистенциальное) осмысление и психологические интерпретации. С опорой на сравнительно-исторический, типологический и междисциплинарный подходы прослеживается эволюция мотива одиночества. На материале произведений зарубежной и русской классики (М.Лермонтов, Ф.Кафка, Дж. Сэлинджер, Г.Гарсиа Маркес, А.Камю), а также казахской литературы (от фольклора и поэзии Абая до прозы М.Ауэзова и О.Бокея) выделены ключевые художественные модели репрезентации одиночества: «лишний человек», социальное отчуждение в абсурдном мире, добровольное творческое уединение и культурно-историческая судьба. Научная новизна исследования состоит в сопоставлении западной экзистенциальной парадигмы с национальной спецификой казахской литературы, для которой исторически характерен трагизм отчуждения от коллектива, сменившийся в современной прозе глубоким философским самопознанием. Делается вывод об амбивалентной природе одиночества как источника духовного кризиса и одновременно потенциального ресурса для личностного роста.

Ключевые слова: мировая литература, казахская литература, литературный анализ, мотив одиночества, экзистенциализм.

Ә.Н. Нұрланова[1*], Н.А. Мошенская[2], Т.В. Левина[3]
[1,2,3] Қазақстан-Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан
[1]e-mail: anur_81@mail.ru, [2]natalya-moshensk@mail.ru, [3]tanya_levina@mail.ru
ORCID: [1]0000-0001-9782-1507, [2]0000-0002-9468-0531,
[3]0009-0003-6363-1811

ЖАЛҒЫЗДЫҚ – ӘДЕБИ САНАНЫҢ ӘМБЕБАП МОТИВІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада жалғыздық феномені әлем және қазақ әдебиетінің негізгі әрі маңызды тақырыптарының бірі ретінде жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамда коммуникацияның дамуына қарамастан, жалғыздық кейбір зерттеушілер «індетке» теңейтіндей өткір әлеуметтік-психологиялық мәселе сипатына ие болатындығымен негізделеді. Жұмыстың мақсаты – жалғыздықтың философиялық (экзистенциалдық) мәні мен психологиялық интерпретацияларын талдай

* ***Укажите правильную ссылку:***
А.Н. Нурланова, Н.А. Мошенская, Т.В. Левина. Одиночество как универсальный мотив литературного сознания // "Керуен". - №1, 90 том, 2026. С. 219-232. https:// https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-15.

отырып, оны көркем бейнелеудің негізгі аспектілері мен ерекшелігін анықтау. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи, типологиялық және пәнаралық тәсілдерге сүйене отырып, жалғыздық мотивінің эволюциясы сараланады. Шетел және орыс классиктері (М.Лермонтов, Ф.Кафка, Дж.Сэлинджер, Г.Гарсиа Маркес, А.Камю), сондай-ақ қазақ әдебиеті (фольклор мен Абай поэзиясынан бастап М.Әуезов пен О.Бөкей прозасына дейін) шығармалары негізінде жалғыздықты бейнелеудің негізгі көркемдік модельдері: «артық адам», абсурдты әлемдегі әлеуметтік жатсыну, ерікті шығармашылық оқшаулану және мәдени-тарихи тағдыр айқындалды. Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы батыстық экзистенциалдық парадигманы қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерімен салыстырудан тұрады; қазақ әдебиетіне тарихи тұрғыдан ұжымнан бөліну трагизмі тән болса, қазіргі прозада ол терең философиялық өзін-өзі танумен алмасқан. Жалғыздықтың рухани дағдарыс көзі және сонымен бірге тұлғалық өсудің әлеуетті ресурсы ретіндегі амбивалентті табиғаты туралы қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: әлем әдебиеті, қазақ әдебиеті, әдеби талдау, жалғыздық мотиві, экзистенциализм.

A.N. Nurlanova[1*], N.A. Moshenskaya[2], T.V. Levina[3]

[1,2,3]Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

[1]e-mail: anur_81@mail.ru, [2]natalya-moshensk@mail.ru, [3]tanya_levina@mail.ru

ORCID: [1]0000-0001-9782-1507, [2]0000-0002-9468-0531,

[3]0009-0003-6363-1811

LONELINESS AS A UNIVERSAL MOTIF OF LITERARY CONSCIOUSNESS

Abstract. The article comprehensively examines the phenomenon of loneliness as one of the key and recurring themes in world and Kazakh literature. The high relevance of the study is substantiated: in modern society, despite the development of communications, loneliness has acquired the character of an acute socio-psychological problem, compared by some researchers to an "epidemic". The aim of the work is to identify the main aspects and specifics of the artistic representation of loneliness by analyzing its philosophical (existential) comprehension and psychological interpretations. Relying on comparative-historical, typological, and interdisciplinary approaches, the evolution of the loneliness motif is traced. Based on the material of foreign and Russian classical works (M.Lermontov, F.Kafka, J.D. Salinger, G.Garcia Marquez, A.Camus), as well as Kazakh literature (from folklore and Abai's poetry to the prose of M.Auezov and O.Bokey), key artistic models of loneliness representation are identified: the "superfluous man", social alienation in an absurd world, voluntary creative solitude, and cultural-historical destiny. The scientific novelty of the research consists in comparing the Western existential paradigm with the national specifics of Kazakh literature, which is historically characterized by the tragedy of alienation from the collective, later replaced in modern prose by deep philosophical self-discovery. A conclusion is drawn about the ambivalent nature of loneliness as a source of spiritual crisis and, at the same time, a potential resource for personal growth.

Keywords: loneliness, motif of loneliness, world literature, Kazakh literature, existentialism, philosophy, psychology, literary analysis, "superfluous man", solitude.

1. Введение

Одиночество как социально-философское и психологическое явление на протяжении веков привлекало внимание мыслителей и художников слова. В античной философии Аристотель, Платон, Сенека рассматривали вынужденное уединение преимущественно в негативном ключе, противопоставляя ценностям дружбы, любви и общественного бытия. В Средневековье Августин Блаженный, в эпоху Возрождения и Нового времени Р.Декарт, Б.Паскаль, М.Монтень осмысливали проблему одиночества в контексте поиска смысла человеческого существования и внутреннего духовного опыта личности.

В философии Новейшего времени тема одиночества получила глубокую разработку в экзистенциальной традиции. Н.А.Бердяев, М.Бубер, А.Камю, С.Кьеркегор, Ж.-П.Сартр, М.Хайдеггер и другие интерпретируют одиночество как фундаментальную данность человеческого бытия. Так, Н.А.Бердяев рассматривал одиночество как одно из основных испытаний человеческого духа, подчёркивая возможность его преодоления через любовь и подлинное общение. М.Бубер, в свою очередь, указывал на парадокс современной эпохи: небывалое социальное сближение людей сопровождается феноменом «беспрецедентного одиночества», при котором человек ощущает себя брошенным и отчуждённым от мира. В этом контексте одиночество осмысливается не только как негативное состояние, но и как экзистенциальный опыт, открывающий возможности для самопознания и творческой рефлексии.

Актуальность обращения к проблеме одиночества в литературе обусловлена её устойчивой значимостью для понимания человеческого состояния в различные историко-культурные периоды. Несмотря на высокий уровень социальной связанности и коммуникативных возможностей, в современном обществе всё чаще проявляется феномен «одиночества среди людей», обусловленный утратой осмысленного взаимодействия между «Я» и «другими». Современные исследования фиксируют рост субъективного чувства одиночества и среди внешне социально благополучных людей, что позволяет некоторым авторам говорить о нём как о характерной черте современной цивилизации.

При этом одиночество представляет собой многогранное и амбивалентное явление. В художественном и научном дискурсе оно может интерпретироваться как деструктивное, травматичное состояние либо, напротив, как продуктивное пространство внутренней свободы, необходимое для творчества, самоанализа и формирования личностной идентичности. Подобная многозначность обусловливает необходимость комплексного, междисциплинарного осмысления мотива одиночества, в том числе в литературоведческом аспекте.

Целью настоящего исследования является аналитическое осмысление мотива одиночества и выявление особенностей его художественного воплощения в мировой и казахской литературе с опорой на философские и психологические интерпретации.

2. Методы и материалы

2.1 Методы исследования

В исследовании применены сравнительно-исторический и сравнительно-типологический методы литературного анализа, позволившие сопоставить произведения разных эпох и культур с точки зрения репрезентации мотива одиночества. Междисциплинарный характер работы обусловил использование философско-антропологического анализа для осмысления сущности одиночества и психологического подхода с целью выявления его влияния на личность в сочетании с интерпретационным анализом художественных текстов.

2.2 Материалы исследования

Материалом исследования послужили философские, психологические и литературоведческие труды, посвящённые проблеме одиночества, а также художественные произведения мировой и казахской литературы, в которых

мотив одиночества является концептуально значимым. В круг анализа включены классические произведения зарубежной литературы – романы Ф.Кафки, М.Булгакова, Л.Толстого, новеллы Д.Сэлинджера, роман Г.Г.Маркеса и другие, в которых художественно репрезентируются состояния отчуждения и экзистенциального одиночества.

Наряду с этим рассмотрены произведения казахской литературы разных историко-культурных периодов: от устного народного творчества (эпосы, лиро-эпические поэмы) и поэзии Абая Кунанбайулы до прозы современного периода, в частности произведения О. Бокея и других авторов, в чьём творчестве проблема одиночества получает философское и психологическое осмысление. Такой корпус текстов позволил проследить специфику художественного воплощения мотива одиночества в разных культурных традициях и литературных системах.

3. Обсуждение

Философское осмысление одиночества имеет длительную историю. Античные мыслители видели в вынужденном одиночестве преимущественно негативное состояние. Аристотель называл человека «ζῷον πολιτικόν» (общественным животным), подразумевая, что жизнь вне общества противоестественна. Однако уже стоики, напротив, высоко ценили внутреннюю автономию индивида. Средневековые богословы рассматривали уединение в контексте аскезы и общения с Богом. В Новое время проблема одиночества приобрела экзистенциальное звучание. Н.А.Бердяев утверждал, что конец одиночества – это смерть, а преодоление экзистенциальной тоски связывал с силой любви (Бердяев, цит. по: Бубер, 1995: 228). М.Бубер характеризовал современное состояние человечества как «беспрецедентное одиночество», при котором человек ощущает себя покинутым и отторгнутым шумным миром. Он писал о состоянии «космической бездомности», то есть утрате чувства укоренённости в мире. Философы-экзистенциалисты А.Камю, Ж.-П.Сартр и другие рассматривали одиночество как следствие абсурдности человеческого существования.

В философии выделяется несколько типов одиночества. Различают космическое одиночество – переживание оторванности человека от Вселенной, ощущение собственной ничтожности в масштабах мироздания; социальное одиночество – чувство изоляции от группы или неспособности включиться в сообщество; культурное одиночество – состояние, при котором человек не находит понимания и поддержки в социальной среде вследствие различий в ценностях и межличностное одиночество, связанное с утратой конкретного близкого человека либо отсутствием эмоциональной близости. Философия подводит к осмыслению многомерности феномена одиночества. Одиночество не сводится к физическому отсутствию людей рядом. Это, прежде всего, духовная отстранённость и отчуждение, которые могут ощущаться и в условиях массового скопления людей. Важно различать депрессивную подавленность и экзистенциальное одиночество. Хотя данные состояния могут сосуществовать, экзистенциальное одиночество не всегда носит деструктивный характер и в ряде случаев способно стимулировать личностный рост.

В психологии одиночество рассматривается преимущественно как субъективное эмоциональное состояние. Исследователи выделяют как негативные, так и

позитивные его стороны. С одной стороны, хроническое чувство одиночества приводит к восприятию жизни как лишённой смысла, может вызывать тревожные и депрессивные состояния, а также психосоматические расстройства. Отсутствие близких эмоциональных связей и дефицит позитивного эмоционального контакта с людьми рассматриваются как ключевые факторы тяжёлого переживания одиночества. Установлено, что длительная социальная изоляция ослабляет иммунитет и негативно сказывается на физическом здоровье человека.

С другой стороны, ряд психологов подчёркивает наличие позитивных аспектов одиночества. Так, С.В.Бахардин отмечает, что продуктивные стороны одиночества проявляются в тех случаях, когда неблагоприятные внешние обстоятельства побуждают человека к внутренней рефлексии, что может приводить к духовному росту и самопознанию. Исследователи И.Ялом и К.Мустакас трактуют одиночество как особое психоэмоциональное состояние личности, возникающее вследствие дефицита близких эмоциональных связей и страха их утраты. Р.Вейс и другие исследователи акцентируют внимание на роли объективных жизненных обстоятельств: выход на пенсию, переезд, утрата социального окружения как факторы социального одиночества. Н.Е.Покровский, Г.В.Иванченко рассматривают одиночество как своеобразный механизм адаптации личности, связанный с осознанным дистанцированием от социальной среды. Ж.В.Пузанова, Н.С.Поздеева и другие интерпретируют одиночество как особое состояние сознания личности, при котором анализируется степень адекватности осознания человеком собственного одиночества. В целом психологический анализ подтверждает сложность и многомерность феномена одиночества.

Следует отметить, что исследование одиночества активно развивается в современной науке. Проводятся эмпирические исследования и социологические опросы, направленные на выявление склонности разных социальных групп к переживанию одиночества. Установлено, что в крупных городах проблема одиночества проявляется острее, чем в сельской местности. Молодёжь нередко испытывает чувство одиночества даже при высокой интенсивности коммуникаций, что связывается с поверхностным характером контактов в цифровую эпоху. Выявляются и гендерные различия: мужчины реже признаются в переживании одиночества, однако переносят его тяжелее и чаще прибегают к деструктивным формам компенсации, тогда как женщины чаще говорят о чувстве одиночества, но в целом демонстрируют более высокую способность к адаптации. Все это подтверждает, что одиночество является сложным и многогранным феноменом, требующим комплексного и разностороннего научного осмысления.

Рассмотрев философские и психологические подходы к проблеме одиночества, далее целесообразно перейти к анализу художественного воплощения данного мотива в произведениях зарубежной и казахской литературы.

В мировой литературе тема одиночества поднимается в произведениях разных эпох, отражая изменяющееся мировоззрение общества. Начиная с эпохи романтизма, в западной прозе формируется образ «лишнего человека» – героя, превосходящего окружающих интеллектом или глубиной чувств, но вследствие этого оказывающегося

непонятым и одиноким. В русской литературе классическим воплощением данного типа стал Григорий Печорин из романа М.Ю.Лермонтова «Герой нашего времени» (1840). Печорин, будучи умнее и проницательнее окружающих, оказывается лишним в обществе, где господствуют более простые стремления. Он не способен найти равного себе собеседника, легко ранит чувства близких и, сам того не желая, приносит несчастье окружающим.

Этот образ стал архетипичным: герои, значительно более умные и прозорливые, чем их социальное окружение, нередко обречены на одиночество. Лермонтов через фигуру Печорина показал психологическую драму «лишнего человека». Одиночество разрушительно сказывается не только на нём самом, но и на людях, находящихся рядом. Печорин осознаёт, что другие живут более простыми и искренними чувствами, однако сам утратил способность к такому существованию. Эта трагедия неприкаянной личности отразила характерную для XIX века ситуацию столкновения одарённого индивида с ограничениями социума.

Если в первой половине XIX века одиночество героя во многом являлось следствием его интеллектуального и духовного превосходства над средой, то к концу века и далее акценты существенно смещаются. Литература рубежа XIX – XX веков – реалистическая и модернистская всё чаще изображает одиночество как универсальное состояние человека, утратившего связь с традиционным укладом жизни. Ярким примером подобного осмысления является творчество Ф.Кафки. В романе «Процесс» (1915) писатель изображает тотальное отчуждение личности в мире абсурдной бюрократии. Главный герой Йозеф К. живёт среди людей, но остаётся абсолютно одиноким: у него нет семьи, близких друзей, а служебные связи носят поверхностный характер. Абсурдная судебная процедура, в рамках которой герой оказывается обвиняемым без ясных причин, подчёркивает отчуждённость человека от непостижимого и враждебного социального механизма.

Исследователи отмечают автобиографичность образа Йозефа К., указывая на то, что данный персонаж во многом является художественной проекцией самого Кафки. Таким образом, писатель переживает собственное экзистенциальное одиночество через судьбу героя. Ни один из персонажей романа не способен по-настоящему помочь или понять Йозефа. И священник, выслушав его, лишь подтверждает неизбежность трагического пути героя. Не случайно критики называют прозу Кафки пророческим изображением «космической неустроенности» современного человека, его экзистенциальной потерянности перед лицом непостижимых сил судьбы. Одиночество у Кафки носит онтологический, непреодолимый характер и принимается героями как данность.

В американской литературе ярким примером изображения одиночества молодежи является роман Дж.Д. Сэлинджера «Над пропастью во ржи» (1951). Главный герой, подросток Холден Колфилд, ощущает себя чужим в мире взрослых и протестует против лицемерия окружающих. Несмотря на наличие семьи и социальных контактов, Холден постоянно подчёркивает своё одиночество, связанное с ощущением непонимания и неприятия со стороны окружающих. Этот образ стал символом подросткового одиночества и кризиса взросления. Скитаясь по Нью-

Йорку, герой пытается установить контакт с разными людьми, однако неизменно испытывает разочарование: ни друзья, ни случайные знакомые, ни близкие не способны избавить его от экзистенциального чувства пустоты. Роман Сэлинджера показал, что одиночество может быть особенно остро переживаемо в юности, порой, в условиях многолюдного мегаполиса.

Бұл халықаралық сараптамалық сипаттама домбыраның қазақ мәдениетінде тек музыкалық аспаптың шеңберінен шығатын кең ауқымды қызмет атқаратынын растайды. Домбыра жоғары деңгейдегі мәдени рәміз ретінде тарихи жадтың тасымалдаушысы, эмоциялық күйлердің дәнекері және әлеуметтік коммуникацияның маңызды нысаны. Дәл осы қызметтер мақал-мәтелдер, фразеологиялық бірліктер мен поэтикалық бейнелерді қамтитын сөз дәстүрінде де көрініс табады.

3. Талқылау

Домбыраның мәдени семантикасы қазақтың дәстүрлі мәдениетінде тұрмыс, музыка және ата-баба жадымен байланысты көптеген нысандардың қасиетті мәртебеге ие болуымен тығыз байланысты. Сакралды концепттердің қазақ дүниетанымындағы тілдік репрезентациясына арналған еңбегінде зерттеуші М.Алшынбаева қазақ мәдениетінде «қасиетті ұғымдар» деп аталатын ерекше мәдени қабат қалыптасатынын көрсетеді. Шаңырақ пен бесіктен бастап тотемдік жануарлар мен символдық сандарға дейінгі сакралды нысандар тұрақты тіркестер, метафоралар және фразеологизмдер арқылы ұжымдық санадан орын алады (Alshynbayeva, 2022: 75-77). Осы тұрғыда домбыра да – ішкі естелікті сақтау, рухани мәндерді жеткізу және ритуалдық кеңістікке қатысу (күй, жыр, ақындық дәстүр) қызметтеріне ие мәдени белгі – қазақ халқының қасиетті мәдени рәміздер шеңберіне табиғи түрде енеді.

Домбыраны сакралды мәдени концепт ретінде танытатын маңызды деңгейлердің бірі – тіл. Тіл ұжымдық білімді, эмоциялық тәжірибені және халықтың құндылықтық бағдарларын бекітетін кеңістік болып саналады. Қазақтың сөз дәстүрінде домбыра образы мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде және фразеологиялық тіркестерде көрініс тапқан тұрақты ассоциациялар, метафоралар мен символдар жүйесін қалыптастырды. Мұндай тілдік құрылымдар мәдени жадтың ықшамдалған нұсқасы ретінде қызмет етіп, домбыраны тек музыкалық аспап ретінде емес, рухани, әлеуметтік және эстетикалық феномен ретінде қабылдауды бекітеді.

Домбыраның қазақ ұлттық санасындағы ерекше мәртебесін айқындайтын белгілі тұжырымдардың бірі – «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». XX ғасырда кең таралған бұл формула домбыра мен этникалық бірегейліктің символдық деңгейде теңестірілетінін көрсетеді. Демек домбыра мәдениеттің сыртқы белгісі емес, оған тиесілі болудың негізгі нышаны ретінде қарастырылады. Бұл сөз домбыраны мәдени адамның ішкі өлшемі, оның жадын, даусын, әлемді сезіну тәсілін білдіретін рухани категория ретінде танытады.

Осындай тұжырым домбыраға қатысты тілдік өрістің жалпы интонациясын айқындайды: аспап заттық нысан ретінде емес, халықтың рухани болмысының жалғасы ретінде пайымдалады. Қазақтың бірқатар мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерінде домбыра халықтың ішкі әлемінің, эмоциялық бастауының және мәдени табиғатының метафорасы ретінде көрінеді. Мысалы, кең таралған «Домбыра – халықтың жаны» деген тілдік бірлік аспаптың қазақтың рухани тәжірибесіне терең орныққанын айғақтайды: домбыра халықтың тірі энергиясының, жан дүниесінің, өмірлік қуатының көрінісі ретінде қабылданады. Осыған ұқсас мән «Домбыраның үні – бабаның үні» тіркесінде де дамиды, мұнда домбыра ата-баба даусы, ұрпақтар тағдырын жеткізетін тарихи жалғастық белгісі ретінде түсіндіріледі. Мұндай тілдік бірліктерде домбыра өткен мен бүгінді, көрінетін және көрінбейтінді байланыстыратын медиатор ретінде, жеке сезімді ру-тайпалық жад құрылымымен ұштастырады.

Қазақ фразеологиясында үйлесім, бірлік және өзара жарасым идеясына негізделген домбыралық тілдік символы ерекше орын алады. Мысалы, «Домбыраның қос ішегіндей» деген тіркес адамдар арасындағы үйлесімді қатынастарды сипаттау үшін қолданылады: мұнда екі адамның жарасымы бір тембрге тоғысқан қос ішектің үндестігіне теңестіріледі. Осындай бейненің негізінде «Қос ішектей қатар тарту» және «Қос ішектей жарасу» сияқты тілдік бірліктер де жатыр. Бұл тіркестер келісім, бірлескен іс-әрекет пен үйлесімділікті бейнелейді. Музыкалық үйлесім моделі мінсіз адами қатынастардың өлшемі ретінде қабылданады, себебі ішектердің біркелкі үндесуі рухани, этикалық және әлеуметтік тепе-теңдіктің метафорасына айналады.

Домбыра образына сүйенетін фразеологизмдердің тағы бір тобы шынайылық, ашықтық және эмоциялық толымдылық сияқты қасиеттермен байланысты. «Домбырадай шерту» формуласы музыкалық әрекетті адам мінез-құлқының саласына көшіреді және жүректен шыққан сырды айту, ішкі сезімді ашық жеткізу қабілетімен ассоциацияланады. Осы қатарда «Домбыра шерткеннің жүрегі кең» деген тіркес те бар: мұнда домбыра тарту қабілеті кеңпейілдік, мейірім мен жомарттықпен байланысады. Осылайша домбыра эмоционалдық адалдықтың, ішкі ашықтықтың және рухани тұтастықтың рәмізіне айналады.

Ел арасында қалыптасқан тұрақты тіркестерді қарастырғанда, домбыра образының бір маңызды қыры айқын байқалады: аспап адамның бір іске кірісуі, көпшілік алдында сөз бастауы немесе ел арасына шығуы сияқты мәндерді үстейді. «Домбырасын қолға алу» деген тіркес те жай ғана аспапты ұстау емес, «жол бастау», «сөз қозғау», «ел көзіне көріну» деген ойды білдіреді. Сондықтан көптеген терме мен әннің басында «домбырамды қолға алайын» деп келуі бекер емес. Мәселен, Ақан сері Қорамсаұлының «Аужар-ай» термесіндегі: «Мен сері домбырамды қолға алайын…», немесе Үкілі Ыбырайдың «Балқұрай» жырындағы: «Домбыра екі ішекті қолға алайын…» деген жолдар – осының айғағы (Ақындар аманаты, 2014). Наурызбек жыраудың толғауын «Домбыраны қолға алып…» – деп, бастауы да домбыраға жүгінудің ерекше сөз кеңістігіне өтудің белгісі. Мұндай мысалдар домбыраға қол созуымыз тек музыкалық әрекет емес, ортада ойып алар сөз айтуға рұқсат беретін рухани ишара екенін көрсетеді.

Осы мәнге жуық тағы бір тіркес «Домбырасын жұртқа тыңдату». Мұнда домбыра тарту өз өнерін, өз үнін елге ұсыну, көпшілік ортасына шығу дегенді білдіреді. Қазақтың ауызша поэзиясында мұндай қолданыстардың кең таралуы домбыраның музыкалық аспап болудан бөлек, қоғаммен тілдесу құралы қызметін атқарғанын байқатады: ол орындаушыны елдің сөз алаңына шығаратын дәнекер болған.

Символдық қуаты зор тұрақты формулалардың бірі – «Домбыраның ішегі үзілсе – елдің үні өзгереді». Мұнда домбыраның күйі – қоғамның күйімен пара-пар қойылады: үзілген ішек береке-бірліктің бұзылуы, рухани сабақтастықтың әлсіреуі, елдің ішкі үндестігіне түскен сызат. Осындай метафора қазақтың этнолингвистикалық түсінігінде кең тараған: қасиетті саналатын заттар халықтың «үні», «жаны», «жігері» ретінде қабылданады. Ә. Қайдардың пайымдауынша, қазақтың мақал-мәтелдерінде сакралды нысандар, оның ішінде музыкалық аспаптар, тарихи тәжірибе мен ұжымдық жадының куәгерлері болып көрінеді; олардың күйі қоғамның жағдайын да білдіреді (Қайдар, 2004). Сондықтан үзілген ішек бейнесін тұрмыстық оқиға ретінде емес, қоғамның рухани күйінің метафорасы деп түсіну орынды: елдің рухани тұрақтылығы мен мәдени тұтастығы домбыра ішегінің керілуіндей нәзік. Халық даналығы мұны ықшам да өткір формуламен жеткізген, мәселен, аспаптың үні – уақыттың даусы, ал оның тынуы – үйлесімнің бұзылғанын білдіретін белгі.

Тілдік қолданыста домбыраның эстетикалық әрі табиғи қыры да айқын көрінеді. «Домбыра – дала сазы» деген тіркес аспапты даланың поэтикасымен сабақтастырады: домбыраның үні дала желіндей, құс үніндей табиғи естіледі. Осы мәнде қалыптасқан «Домбырадай даланың үні», «Домбыра – көңілдің кілті», «Домбыра шертсе – тарих сөйлер» сияқты поэтикалық формулалар музыкалық, табиғи және тарихи бастауларды біртұтас бейнелі модельге жинақтайды. Мұндай сөз өрнектері арқылы домбыра адамның ішкі әлемінің кілті, табиғатты естудің жолы, тарих «сөйлейтін» құрал ретінде елестейді.

Бейнелі қатарда қазақ дәстүрінде терең орныққан «домбыра – жылқы» тұтастығы да бар. Бұл байланыс фольклорлық үлгілерде де, авторлық поэзияда да көрініс берген. Домбыра мен жылқы – көшпенді өмірдің ажырамас серіктері, қозғалыс пен әуеннің, еркіндік пен кеңдіктің нышандары. Мақал-мәтелдерде, жырлар мен термелерде олар жиі бір-бірін толықтыратын символдар ретінде көрінеді: жылқы кең даланың жолы мен кеңістігін бейнелесе, домбыра сол кеңістіктің поэтикалық әрі рухани өлшемін білдіреді. Мұндай модельде жылқы – тәннің жалғасы, ал домбыра – дауыстың жалғасы; екеуінің бірлігі далалық тіршіліктің тұтас эстетикасын қалыптастырады.

Бейнелі байланыстың жарқын поэтикалық айғағы Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының «Аңшының әні» шығармасындағы жолдар. Шығармада домбыра мен жылқы жол серігі, шабыт бастауы ретінде қатар көрінеді (Ақындар аманаты, 2014):

Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,
Мінген ат қырауыртып батса терге.
Өлеңші домбырашың қасында боп,
Кез болсақ қоналқаға, бұраң белге.

Шумақта жылқының жүрісі мен домбыраның үні біртұтас өмірлік және эмоциялық ырғағын түзеді: жылқы жолдың нық қозғалысын қамтамасыз етсе, домбыра сол

жолды поэтикалық және рухани қуатпен байытады. Мұндай парадигма көшпелі мәдениетке тән: жылқы мен домбыра кеңістіктегі және сезімдегі еркіндіктің екі қыры; бірі – денелік, екіншісі – әуездік өлшем.

Қарастырылған тұрақты формулалар домбыра бейнесінің барша алуан түрлілігін түгел қамтымайтыны анық, дегенмен олар «домбыра» концептісінің семантикалық құрылымын жүйелеуге мүмкіндік береді. Осы құрылымда өзара сабақтас бірнеше мағыналық қабаттарды бөліп көрсетуге болады:

- Архетиптік қыры – домбыраның ата-баба жадымен, дыбыстың космологиялық табиғатымен байланысты қабылдануын қамтиды («бабаның үні», «дала сазы», «халықтың жаны»). Бұл қабат домбыраны рухани жалғастықты сақтайтын қасиетті нышан ретінде түсіндіреді;

- Әлеуметтік-этикалық қыры – үйлесім, ашықтық, жарасым идеяларын бейнелейді («қос ішек», «шерту», «жүрегі кең»). Осы қатарда домбыраның көпшілік сөзін бастайтын, қоғамдық кеңістікке жол ашатын медиатор ретіндегі қызметі де көрінеді («домбырасын қолға алу», «домбырасын жұртқа тыңдату»);

- Экзистенциалдық қыры – тағдыр, уақыт, үзілу және жоғалту сезімдерімен байланысты («шегі үзілсе», «тарих сөйлер»). Мұнда аспаптың күйі қоғамның рухани ахуалына теңестіріліп, оның тұрақтылығы мен күйзелісін бейнелейтін метафораға айналады;

- Эстетикалық қыры – домбыраның дала бейнесімен, табиғи әуезбен байланысын көрсетеді («дала сазы», «даланың үні»). Осы қатарда тәндік және көркемдік пластикаға қатысты метафорлар да бар («домбырадай тұлға»). Сол сияқты көшпенді кеңістіктің екі негізгі символы қозғалыс пен әуеннің, тәндік және рухани еркіндіктің, жол мен шабыттың жарасымды жұбы ретінде дәстүрлі «домбыра – жылқы» тұтастығы да осы бейнелі әлемге жатады.

Осылайша, халық тілінде орныққан мағыналық формулаларды талдау домбыраның қазақ тілінде көпқабатты мәдени рәміз ретінде қызмет ететінін көрсетеді – сакралды, әлеуметтік, эмоциялық, тарихи және эстетикалық өлшемдерді біріктіреді. Бұл сөз дәстүрі ұжымдық тәжірибе мен құндылықтарды ғана бекітіп қоймай, домбыра бейнесінің поэзияда, ауызша импровизацияда және қазақ мәдениетінің басқа да түрлерінде одан әрі көркем дамуына негіз қалайды.

XX-XXI ғасырлардағы жазба қазақ поэзиясында домбыра образы ауызша дәстүрдің ұжымдық символикасынан шығып, ақынның жеке көркемдік ойлауында дербес бейнелік орталыққа айналған айрықша орынды иеленеді. Домбыра тақырыбына Абайдан бастап XX-XXI ғасыр лириктеріне дейін қазақ ақындарының барлық буындары дерлік жүгінген. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Әбділдә Тәжібаев, Қалижан Бекхожин, Ілияс Есенберлин, Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев, Саға Жиенбаев, Мұқағали Мақатаев, Кәкімбек Салықов, Исраил Сапарбаев және басқа да көптеген ақындардың шығармашылығында жүйелі түрде кездеседі. Олардың поэтикалық әлемінде домбыра әртүрлі көркемдік сарындарда эпикалық баяндау мен азаматтық пафостан бастап, сыршыл лирика мен философиялық толғаныстарға дейін өзіне тартып, мазмұндық орталыққа айналады.

Қазақтың классикалық жазба поэзиясын талдау XX-XXI ғасырдың басында домбыра бейнесінің ең тұрақты әрі кең таралған поэтикалық символдардың бірі

болғанын көрсетеді. Егер халықтық сөз дәстүрінде домбыра ең алдымен ата-баба жадын, үйлесім мен эмоциялық өрнектілікті бейнелейтін рәміз ретінде орныкса, авторлық поэзияда ол біртіндеп кең де көпқабатты көркемдік организмге айналады. Абайдан бастап XX ғасыр соңындағы ақындарға дейінгі шығармаларда домбыра ешқашан этнографиялық бөлшек ретінде ғана емес, керісінше, әрдайым терең мағыналық өзек болып, оның төңірегінде мазмұны бай көркемдік кеңістік түзіледі.

Домбыра образының көркемдік түрлену жолына жаңа бағыт берген – ұлы Абай. Оның әйгілі «Домбыраға қол соқпа» өлеңінде домбыра алғаш рет айқын дараланған тұлғалық әрі психологиялық өлшемге ие болады. Фольклорда домбыра әдетте ру жадын сақтаушы, ұрпақтар арасындағы дәнекер рөлінде көрінсе, Абайда ол адамның ішкі дүниесіндегі терең, кейде жаралы естеліктерді қозғайтын қуатқа айналады. Лирикалық кейіпкердің «Домбыраға қол соқпа…» деп өтінуі жұбату емес, керісінше, жүректегі ескі жараны қайта тырнап, жанын шымырлататын сәттің көрінісі:

Домбыраға қол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүрегім, соқпа, кел тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.
Қайғылы көңілім қайдағы
Бұрынғымды жаңғыртар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғыртар.

Абай халықтық дәстүрде қалыптасқан «домбыра үні өткенді тірілтеді» деген сенімге сүйенеді. Алайда дәстүрлі дүниетанымда көбіне ата-баба жадын жаңғырту болса, Абайда мүлде басқа сипат алады, яғни адамның қайта үнілгісі келмейтін терең жеке сезімдердің оянуы. Өлеңдегі домбыра ұжымдық тәжірибенің куәгері емес, жеке психологиялық рефлексияның тетігіне айналады. Демек ақын домбыра бейнесін ұжымдық символикадан шығарып, жеке сезімнің кеңістігіне енгізеді. XX ғасыр поэзиясында кең қанат жайған жекелік поэтикалық модустың бастауын алдын ала межелеген қадам.

Абай жасаған бағыттық ауысым дәстүрлі модельден жеке поэтикалық модусқа өтуі Ю.М. Лотманның көркем бейне табиғаты туралы тұжырымдарымен үндес. Лотманның пайымдауынша, көркем образ дәстүрлі үлгінің тура қайталануы емес, сол үлгіден «мағыналы ауытқулар жүйесі» арқылы туады (Лотман, 1970: 305). Абай өлеңінде дәл осындай ауытқу ерекше айқын: домбыра ұжымдық рәмізден адамның ішкі әлемін ашатын психологиялық құралға айналады, ал жеке сезім кеңістігі жаңа ақындық көрудің негізіне айналады.

Алайда авторлық поэзияда жекелік интонация күшейе түскенімен, XX ғасырдағы қазақ поэзиясының терең құрылымында ұжымдық дәстүрмен байланыс негізгі тетік болып қала береді. Г.Абдрахманның пайымдауынша, «түрлі авторлардың бір тақырып пен бір бейнеге қайта-қайта оралуының, ән атаулары мен сюжеттердің қайталануының сырын… ұлттық мәдениеттің табиғатынан және қазақтың ұжымдық психологиясын алып жүрген даралық ойлау ерекшеліктерінен іздеу керек» (Абдрахман, 202:70). Осы себепті XX ғасырдағы қазақ авторлары домбыраға арналған өлеңдерінің басым бөлігін бір ғана ортақ атаумен – «Домбыра» деп атайды.

Мұны ақындардың стильдік бірсарындылығы немесе даралықтың болмауы деп бағалауға болмайды. Керісінше, бұл – авторлық сөздің ортақ мәдени арнаға қосылғанын білдіретін белгі, қазақ поэзиясының дәстүрмен сабақтастықта, терең топырақта тұрғанын айғақтайтын көрсеткіш. Бір атаудың қайталануы мәдени кодқа айналып, дәстүрмен дидарлаудың тәсіліне айналады, ал ақындардың түрлі интонация, бейне және сезімдік регистрлер арқылы жасаған айырмашылықтары – олардың өздеріне тән жеке поэтикалық қолтаңбасы. «Домбырадай» орныққан атауға жүгіну арқылы әр ақын осы символға қатысты өз көзқарасын, өз сезімін, өз толғанысын қалыптастырады да ұжымдық тәжірибені жеке кеңістікке айналдырады.

Егер халықтық сөз дәстүрінде домбыра ең алдымен ата-баба жадын, эмоционалдық үйлесімдікті және ұрпақ сабақтастығын білдірсе, авторлық поэзияда ол барған сайын жеке адамның ішкі әлеміне бойлай түседі. Алайда бұл үдеріс біржақты немесе түзу сызықты болған жоқ. XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы ақындар – С.Сейфуллин, І.Жансүгіров – аспапты эпикалық танымда қабылдап, жеке сезімді халықтық рухани кеңістікпен астастыра түседі. Мәселен, С.Сейфуллин домбыраны адам эмоциясына сүйемелдеп «ілесіп қана жүретін» құрал емес, оны «сөйлеп рухтанып», «жылап күңіреніп», «қызып күйініп» тудыратын тірі күш ретінде береді. Домбыра – халық рухының өз үнін табатын резонаторы. Ерте жазба поэзияның мәнді туындыларының бірі С.Сейфуллиннің 1922 жылғы «Домбыра» өлеңінде аспап пен адамның ішкі күйі арасындағы байланыс ерекше айқын көрінеді. Ақын: «Домбыраға қосылып, Көкірегім де сарнады» – деп, домбыраның үні мен адамның эмоциялық толқынысын органикалық бірлікте суреттейді (Ақындар аманаты, 2014). Мұнда домбыра сезімді «шығарып қоятын» емес, сол сезімнің жалғасына айналған, адамның рухани тереңдігін денелік және әуездік резонансқа айналдыратын күш. Домбырадағы үн «көкірек сарын – үн» болып, халықтың өз үніне айналады.

Ақынның поэтикасында домбыра жай ғана музыкалық аспап емес, ішкі және сыртқы әлемді жаңартатын тазару күшінің тасымалдаушысы. Ақын домбыраға: «Тарт күйіңді, домбыра! / Төгіл, төгіл тәтті күй» деп, табиғаттың дауыл, желдей тазартатын күштей тіл қатады. Домбыра үні «тауда тұман тұрмасын», «көкте бұлт ыдыра» деген жолдары кеңістікті жаңғыртатын күш ретінде суреттеледі. Жансүгіров үшін домбыра әлемді жаңартатын қуат, қозғалыстың, өмірлік серпіннің символы; оның үніне ру дауысы, эпикалық жыр рухы, даланың табиғи ырғақтары тоғысады: «Келді жақын сең қағысқан, / Үн шыққандай жолбарыстан». Поэзиядағы «Домбыраға қосылып / Көкірегім де сарнады» деген жолдар аспап пен адам сезімінің табиғи біртұтастығын тікелей айғақтайды (Ақындар аманаты, 2014).

Жамбылдың домбырасы ақынның мәңгілік серігі ғана емес, поэтикалық және тарихи әрекетті алға сүйрейтін дербес күш. «Сұраншы батыр» поэмасының алғашқы жолдары-ақ домбыра үніне ғаламдық өріс береді; оның үні табиғат стихияларымен қатар қойылады:

«Ақ домбыра қолға алып,
Ай мен апта толғанып,
Жылға құйған теңіздей
Жырдың селі тасқындап…»

Жамбыл поэтикасында домбыра тарих та, сөздің қаруы да, тағдырдың дауысы да: «Сөз қозғаған домбыра, / Ой қозғаған домбыра…» (Ақындар аманаты, 2014). Инструмент поэтикалық ойдың жолбасшысына айналып, ұжымдық тарихи жадты жеке авторлық кеңістікке өткізетін медиатор қызметін атқарады.

Жазба әдебиет дамыған сайын домбыра образы эпикалық сипаттан гөрі камералық, жеке сезімге жақын модусқа ойысады. XX ғасырдың орта тұсындағы ақындар – Қ.Бекхожин, І.Есенберлин, Ғ.Қайырбеков – аспаптың тарихи-рухани тереңдігін сақтай отырып, оны жеке адамның өмір тәжірибесі тұрғысынан пайымдайды. Мысалы, Қ.Бекхожиннің «Домбыра» атты өлеңінде аспап отбасылық жадтың бөлінбес бір бөлігі ретінде көрінеді: «Туған күні дауысыңды естігенмін», «атам, анам өсіпті сеніменен». Домбыра мәтінде адамды өмір бойы қорғап-қолдап жүретін, оның ішкі әлемін қалыптастыратын «тұмар» іспетті. Ақынның «Мені де маужыраған – сол бір күйің / Үніндей сонау сырлы дүниенің» деген жолдары домбыраның ішкі әлемге әсерін айқын көрсетеді. Ал «Өлсем егер, мен сені шертіп өлем» деген финалдық мойындау домбыраны ақын өмірінің мәндік және рухани орталығына айналдырады (Ақындар аманаты, 2014).

І.Есенберлиннің «Домбыра» деп аталатын өлеңінде аспап эпикалық кеңдік пен нәзік лирикалық әуезді астарлай тоғыстырған күрделі бейне күйінде көрінеді. Ақын домбыраның үнін ішкі әлемді кеңейтетін, көңілдің қалтарысындағы сан түрлі сезімнің ізін сақтап тұратын рухани кеңістікке айналдырады («кеңітеді көңілдің көк жиегін») (Ақындар аманаты, 2014).

Ғ.Қайырбековтың «Домбыра» атты өлеңінде бұл бейне басқа қырынан ашылады: ақын домбыраны қаламға балайды, яғни жадты бекітіп, рухани мұраны тасымалдайтын белгі ретінде түсіндіреді. Домбыраның қос ішегі ақын үшін ұлы шеберлер қолтаңбасы қалған жолдар іспетті («ұлы адам / шегіне жазып кеткендей»). Осылайша домбыра - әр дәуірдің ақыны мен күйшісі өз өрнегін қалдырған шығармашылық мұраның жиынтық таңбасына айналады:

«Сондай-ақ сен де бір қалам,
Сияң жоқ бірақ кепкендей,
Атасы күйдің, ұлы адам
Шегіне жазып кеткендей» (Ақындар аманаты, 2014).

Бұл жолдар домбыраның метафизикалық болмысын айқын көрсетеді: домбыра жай күй тартатын аспап емес, материалданған мәдени мәтін, ал оның үні – мәтіннің ізі, таңбасы. Ақын домбыраның екітарапты табиғатын ерекше айқындайды: ол әрі музыка құралы, әрі жазудың баламасы. Осы арқылы домбыра қазақ мәдениетінің екі арнасын: ауызша және жазба дәстүрді жалғайтын медиатор ретінде танылады:

«Жауынды бұлттың қанаты
Секілді қаламұш маған» (Ақындар аманаты, 2014).

Осы мағынада домбыра шығармашылық зертхана іспетті: дыбыс сөзге айналып, сөз мәдени кодқа, ал мәдени код ұрпақтар жадын біріктіретін рухани арқауға айналады. Домбыра – музыка мен сөздің ажырамас табиғатын жинақтайтын көркем нысан.

Мұқағали Мақатаев поэзиясында домбыра бейнесі ерекше тереңдікке ие. «Дариға, домбырамды берші маған» өлеңінде ақын жүрегімен бірге соққан серік,

шабыт пен қуаттың бастауы. Мұқағали халықтық бейнелеу формулаларын шебер қолданып, жеке сезімнің тамыры ұжымдық жадымен сабақтасатынын көрсетеді. Шығармадағы «бабалар аманаты» мотиві қайталанып отыратын «Бабамнан қалған мұрам» формуласы арқылы күшейеді де, лирикалық кейіпкердің тектік жадымен және қасиетті мұрамен байланысын айқын әрі тебіреністі реңкпен жеткізеді.

Мақатаевтың қарастырылып отырған өлеңінде қазақтың ауызша поэзиясына тән дәстүрлі зооморфты метафоралар кеңінен қолданылады. Ақынның домбыраға қарата айтқан «Қоңыр қазым, аққуымсың!» тіркесі – жай ғана поэтикалық әшекей емес, фольклорлық кодқа негізделген ишара. Қазақ мифопоэтикасы мен жыр дәстүрінде қоңыр қаз бен аққу асқақтықтың, тазалықтың, биік әуездің рәміздері. Бұл бейнелер «қоңыр үн» ұғымымен тығыз байланысты: жұмсақ, барқыт, кең даланың табиғи тынысын жеткізетін әуез ежелден домбыраның немесе кемел әншінің дауысына тән сипат ретінде қолданылып келген. Мұның айқын мысалы Біржан салдың «Адасқақ» әніндегі: «Созады Біржан даусын қоңыр қаздай» деген жолдар. М.Мақатаев домбыра образын қазақ даласында қалыптасқан көне табиғи-мифологиялық жүйемен сабақтастырады.

Өлеңнің назар аударарлық тұстарының бірі – лирикалық кейіпкердің жеке күйзелісі мен ішкі сырын айтуы дәстүрлі «сырласу» сюжетіне құрылғаны. «Сенімен сырласымдай тілдесемін» деген жол домбыраны адамның ішкі әлемі мен тектік жадының арасын жалғайтын рухани дәнекер ретінде танытатын көне дәстүрдің жалғасы екенін көрсетеді. Ауызша поэзияда домбыра әрдайым адамның жанымен тілдесетін, ішкі сырды сыртқа шығаратын ерекше кеңістік қызметін атқарған.

Лирикалық кейіпкер домбыра арқылы тек ойын жеткізіп қана қоймайды, өзін ұлы дәстүрдің жалғастырушысы ретінде таниды («Бабамнан қалған мұрам, сен болмасаң, Өнердің не екенін де білмес едім»). Ақын өлеңге сакральды энергия мотивін де енгізеді (қызыр-баба), өнердің негізінде тек жеке қабілет емес, алдымен ата-бабаның батасы, рухани желеуі тұрғанын білдіреді: «Өсірген өнерімді қызыр-бабам» (Ақындар аманаты, 2014). Осылайша поэзия архаикалық үлгіге қайта оралады: музыкалық дарын – әке мен ұл арасындағы тектік күштің жалғасуы, ұрпақ бойына дарыған қасиет ретінде танылады.

Ой арнасында М.Мақатаев домбыра бейнесін ауызша мұраның шартты символикасынан асырып, оған эмоциялық айна болу қызметін шебер жүктейді.

«Арманым, мұңым, сырым, шаттығымсың» деген жол домбыраны ұжымдық рәмізден жеке психологиялық кеңістікке өткізіп, адамның бүкіл сезім өрісін – арманын, мұңын, сырын, қуанышын бойына сыйдырған жан серік ретінде танытады. Бұл – XX ғасыр жазба поэзиясына тән маңызды бетбұрыс: домбыра эпикалық миссиясын сақтай отырып, заманауи ақынның ішкі диалогына да айналады. Ол шабыттың қайнары болып, көңілдің тұманын сейілтеді («Шапағың бар шаттығын құяр маған»), шығармашылық жарық сыйлайды, адам мен қасиетті кеңістік арасындағы рухани дәнекер қызметін жалғастырады. Екі деңгейдің – ұжымдық тәжірибе мен жеке сезімнің – табиғи тоғысуы бұл өлеңді домбыраның көркемдік моделін дамытудағы ерекше биікке шығарады. Ақын фольклорлық поэтикамен сабақтастықты үзбей, аспапты камералық, сырлы, терең субъективті әуенге жақындатады.

Т.Молдағалиевтің «Домбыра» өлеңінде аспаптың бейнесі тағы да терең мәдени-тарихи арнаға орналасады. Өлеңнің алғашқы жолы – «Домбыра ғана біліпті / Қазақтың барлық қайғысын» – бірден ерекше үн береді: домбыра мұнда халық қасіретінің куәсі ғана емес, сонымен бірге сол қайғының ең шынайы сақтаушысы ретінде көрінеді. Осы арқылы домбыра адам жадында толық сыймайтын рухани салмақты да аман жеткізетін ритуалдық дәнекер мәртебесіне көтеріледі. Екінші шумақ бұл идеяны тереңдете түседі. «Қайтпаған шерін батырдың / Домбыра ғана қайтарды» (Ақындар аманаты, 2014) дегенде, домбыра лирикалық кеңістіктен шығып, қазақтың қаһармандық дәстүріне бастайтын арнаға өткендігін білдіреді.

Ақын жеке трагедия мен ұжымдық тарих арасындағы сабақтастықты алға тартып, домбыраны үнін өшірген батырлар мен ақындардың жоғалған сөзін қайта жаңғырта алатын рухани дауыс ретінде танытады. Аспаптың бейнесі уақыттар арасына көпір салып, тарихи жадыны тірілтетін өзгеше мәдени жад формасы. Үшінші шумақта осы желі ұрпақтың ата-баба алдындағы жауапкершілігі мәселесіне ойысады: «Атадан қалған сол мұра, Ұрпаққа бізді жалғай ма?». Ақын домбыраның мәдени мұрагер ретіндегі миссиясын алға тартып, оның жаңа буын мен ата-бабалар арасындағы байланысты сақтай ала ма деген риторикалық сұрақ қояды. Бұл әрі үміт, әрі болашаққа бағытталған алаң. Өлеңнің финалдық жолы ерекше салмаққа ие: «Әркімнің жаны домбыра, Тек тарта білер қол қайда?!». Шумақтарда маңызды мәдени-философиялық түйін жасалады: әр адамның «жан домбырасы» бар, бірақ сол домбырадан дұрыс үн шығара алатын қол рухани кемелдік пен жауапкершіліктің белгісі. Т.Молдағалиев қолданған метафора жеке жауапкершілік, рухани жетілу және тарихи жадты бойына сіңіре білу қабілетін бір арнаға тоғыстырады. Ақынның жеке күмәні ғана емес, тұтас халықтың жүрегіндегі сауал: біз ата-баба жүріп өткен ауыр да қасиетті жолға лайық бола аламыз ба? Терең этикалық мән өлеңді қарапайым лирикалық толғаныстан көтеріп, домбыра бейнесін халық тарихы алдындағы адамдық жауапкершіліктің өлшеміне айналдырады.

І.Сапарбаев поэзиясындағы домбыра бейнесі әрі ерекше интимдік тереңдікке, әрі драмалық қуатқа ие. Ақын үшін домбыра – жай ғана сырлас дос емес, оның екінші болмысы, бүтін тұлғасының сыңары секілді («Егіздің біз екенбіз сыңарындай»). Ақын өз өмірін домбырасыз елестете алмайды: «Тағдырым тар кешуде не көрмеді?..

Тәңірім айырмағай сенен мені» (Ақындар аманаты, 2014). Домбырадан айырылуы – өзін жоғалту, рухани тірегінен, үнінен, шығармашылық тынысынан айырылу деген сөз.

Бұл өлең кеңістігінде домбыра жұбатушы да («Жылатасың, жұбатасың…»), ақынның күйін сезетін, оның жан әлеміне ықпал ете алатын серіктес те. Ақын «Көңілді жардан, құздан құлатасың. Жанымды жас баладай еркелетіп, Әлдилеп, аялауды ұнатасың», – деп, домбыраны көңіл-құздан құлататын, кейде балаша еркелетіп әлдилейтін тірі жанға тән қасиеттермен суреттейді.

4. Зерттеу нәтижесі

Домбыраға ерік-жігер, эмоциялық жалын, әрекет ету қабілетін дарытуы ақындық-музыкалық синкретизмнің архаикалық түбіріне барып тіреледі. Бұл домбыраны ақын тағдырын бөлісетін мәңгілік «жан жолдасқа» айналдыратын көне дәстүрдің жалғасы.

Поэтикалық тұтастыққа тарихи тереңдік дарытатын бір тұсы домбыраның өз басынан өткен ауыр кезеңдер жайлы емеурін: «Көмейге көк қорғасын құйған күндер». Бұл жолдар қазақтың ежелгі «Ақсақ құлан» күй-аңызын еске түсіріп, домбыраның басына түскен қасіретті де, оның иесімен ортақласа тартқан мұңын да меңзейді. Ақын домбыра мен адамның параллель күйзелістерін қатар қойып, олардың рухани жақындығын, тағдыр бірлігін ерекше айқындайды.

Осылайша, дәстүрлі мәдениетте домбыра адам мен әлемнің арасындағы серік, сақтаушы және рухани дәнекер қызметін атқарса, І.Сапарбаевтың «Домбыра» өлеңінде бұл қызмет шегіне жеткен дәрежеде көрінеді: домбыра ақынның баламалы «меніне» айналады, ақынмен бірге сезініп, бірге мұңайып, бірге қуанады. Жеке лирикада домбыра барған сайын поэтикалық әлемнің эмоциялық өзегіне жақындай түседі; ол ішкі күйдің медиаторы, тұлғалық «Менді» танытатын нәзік құралға айналады. Бұл астар эпикалық кодтың сақталып тұрған тұсында айрықша айқындалады: домбыра интимдік кеңістікке енгенімен, тектік жадымен байланысын үзбейді, адамға рухани, мәдени тірек болуын жалғастырады. Тарихи тереңдік пен жеке интонацияның тоғысуы домбыра бейнесіне қазіргі поэзияда көпқабатты сипат береді: аспап бір мезгілде дәстүрдің белгісі де, жеке сезімнің дауысы да, эмоциялық толғаныстың кеңістігі де, мәдени бірегейліктің символдық орталығы да болып көрінеді.

ХХ ғасырдың екінші жартысында домбыра біржола жеке лириканың өрісіне енеді: дәстүрмен байланысын сақтай отырып, ақынның ішкі күйіне, сыршыл әлеміне терең сіңеді.

Сондықтан ХХ ғасыр жазба поэзиясында домбыра күрделі семантикалық жолдан өтеді: ұжымдық үннің белгісінен ішкі сырдың ақтарылу құралына, эпикалық баяндаудың тасуынан ең нәзік сезімдерді жеткізетін рухани тілге айналады. Соның өзінде бұл өзгерістер көне архетиптік өзектен ажырамайды: домбыра тарихи сабақтастықтың, рухани тұтастықтың таңбасы болып қала береді, бірақ оның үні барған сайын жеке сезімнің, авторлық көзқарастың қырларымен толықтырылады. Тектік қуат пен жеке дауыс қанаттың тоғысуы домбыра бейнесін қазақ поэзиясының ең тұрақты да ең әсерлі көркем символдарының бірі етеді.

5. Қорытынды

Жүргізілген талдау домбыра бейнесінің қазақтың сөздік дәстүрінде көпқабатты мағыналық жүйе қалыптастыратынын көрсетті. Бұл жүйе ұлттық мәдениеттің сакральды, тарихи, эмоциялық және эстетикалық қырларын қамтиды. Халықтық фразеологияда домбыра жад сақтаушысы, ұрпақтар арасын жалғайтын дәнекер және ішкі үйлесімнің моделі ретінде орныққан символдық мәртебеге ие. Мұндай формулаларда домбыра халықтың рухани әлемінің құрылымдық элементтерінің бірі болып көрінеді: сол арқылы қазақ халқы үшін маңызды құндылықтар – сабақтастық, шынайылық, бірлік, ашықтық және рухани тұрақтылық көрініс табады.

ХХ-ХХІ ғасырлардағы жазба поэзияда домбыраның дәстүрлі символдық болмысы сақталғанымен, оның бейнесі жаңа мағыналық реңктермен толықтырылады. Домбыра біртіндеп жеке тұлғаның жан толқынын, эмоциялық күйін, шығармашылық үнін танытатын кеңістікке ауысады: эпикалық «ру даусынан» – жеке адамның сырын ашатын поэтикалық құралға айналады. Дәл осы тұста бейненің мәндік

трансформациясы айқын көрінеді: домбыра тек ұжымдық рәміз болудан шығып, ақынның ішкі сырласына, «екінші дауысына», сырлы жады мен рухани шындығын жеткізетін нысанға айналады. Соған қарамастан, бұл даралық халықтық дәстүрмен байланысын үзбейді; керісінше, оның көпқабатты поэтикалық көріністерін тереңдететін негіз болады.

Халықтық және авторлық сөз үлгілерін салыстырған кезде домбыра концепті динамикалық мәдени құрылым ретінде танылатыны анықталды. Ол поэтикалық стратегиялардың өзгерісіне бейімделіп, жаңа мағыналарды өз бойына сіңіре отырып, тарихи тереңдігін жоғалтпайды. Қазіргі қазақ мәдениетінде домбыра – дәстүр мен жеке сезімнің, тектік жад пен дербес рефлексияның, ұжымдық энергия мен авторлық интонацияның тоғысқан символы.

«Домбыра» концептісінің сөз өнеріндегі жүзеге асуы мәдени символдың статикалық емес екенін дәлелдейді: оның мағыналық өрісі дәстүр арқылы жанданып, тарихи тәжірибені сақтайды, ал поэтикалық сөз сол тәжірибені жеке қабылдау кеңістігіне ауыстырады. Халықтық және авторлық деңгейлердің өзара ықпалы домбыра бейнесін тірі мәдени организм ретінде тануға мүмкіндік береді. Ол бүгінгі көркемдік тәжірибеде де дамуын жалғастырып, ұлттық бірегейліктің маңызды таңбасы ретінде қызмет ете береді.

Әдебиеттер:

1. Абдрахман Гулнар. Современное самодеятельное песнетворчество в казахской музыкальной культуре. – Алматы: Фонд «Сорос–Казахстан», 2002. – 176 с

2. Адамбаев, Б. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Жазушы, 1993.

3. Ақан сері Қорамсаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары. – Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014. – 288 б. – (Ақындар аманаты).

4. Alshynbayeva, M. A., Vesselinov, D., & Kartova, Z. K. (2022). Language reflections of the concept of the sacred in the Kazakh worldview. Bulletin of Karaganda University. Series Philology, 2(106), 75–78.

5. Байтұрсынұлы, А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Ана тілі, 1991 (репринт 1926).

6. Жұбанов, А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: «Жазушы», 1975. – 402 б.

7. Исмаилов, Е. (ред.) Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы: Қазмемкөркемәдебиет баспасы, 1957.

8. Копбай, А. Қазақ шындығындағы домбыра құбылысы // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. - 2022. – Т.1, № 138. – С. 176–184. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-138-1-176-184

9. Kussainova, A., Kassymova, A., Aitkulov, B., & Suleimenova, D. (2025). Qoŋyr as a Concept in Kazakh Linguoculture. Forum for Linguistic Studies, 7(6), 804–820. https://doi.org/10.54254/2753-7064/7/2025/854

10. Қазақтың мақал-мәтелдері. Энциклопедиялық басылым Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2011.

11. Қайдар, Ә. Халық даналығы: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Санат, 2004.

12. Қайдар, Ә. Мың сөз: этнолингвистикалық зерттеулер. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998.

13. Лотман, Ю. М. Структура художественного текста. – М.: Искусство, 1970. – 384 с.

14. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Баянауыл өңірінен жиналған мәтелдер мен жұмбақтар. Павлодар: ЭКО, 2003.

15. Негимов, С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.

16. Наурызбек жырау. Толғау да толғау сөздер бар. – Ақтөбе, 2022.

17. Omarova, A., Kaztuganova A., Akimzhanov B., Sultanova A., Zhamanbalinov Y. (2020). Kazakh musical and poetic art in the context of globalization. Opción, 36 (Special Issue No. 26), 387–406.

18. Tatkenova, Sholpan & Amze, Mussilim. (2024). Traditional Music of Kazakhstan in the Second Half of the 20th Century: Using the Example of Folk Song Art in the Northern Region of Kazakhstan. AEMR, 13, 65–78. https://doi.org/10.30819/aemr.13-6

19. Хасенов, Ә., Нұрмағанбетова, О. (құраст. Қазақ мақал-мәтелдері. 2 том. Алматы: Ана тілі, 1992.
20. ЮНЕСКО. Искусство домбры кюй. Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества. 2014 (9.COM). URL: https://ich.unesco.org/en/RL/kui-art-of-dombyra-00995

References:

1. Abdrahman, G. (2002) Sovremennoe samodeiatelnoe pesnetvorchestvo v kazakhskoi muzykalnoi kulture [Contemporary Non-Professional Songwriting in Kazakh Musical Culture]. Almaty: Fond Soros-Kazakhstan. (rus)
2. Adambaev, B. (1993) Kazakhtyn makal-matelderi [Kazakh Proverbs]. Almaty: Jazuushy. (kazakh)
3. Aqan seri Koramsauly, Ukili Ybyrai Sandybaiuly, Baluan Sholaq Baimyrzauly (2014) Shygharmalary [Works]. Almaty: Nurly Press.kz. – (Akyndar amanaty). (kazakh)
4. Alshynbayeva, M A, Vesselinov, D, Kartova, Z K (2022) Language reflections of the concept of the sacred in the Kazakh worldview. Bulletin of Karaganda University. Series Philology, 2(106), 75–78. (eng.).
5. Baitursynuly, A (1991) Adebiet tanytkysh [Literature Guide]. Almaty: Ana tili. (Reprint 1926). (kazakh)
6. Zhubanov, A (1975) Gasyrlar pernesi [Strings of Centuries]. Almaty: Jazushy. (In Kazakh)
7. Ismailov, E (Ed.) (1957) Kazak makal-matelderi [Kazakh Proverbs]. Almaty: Kazmemkorkemaedibiet baspasy. (kazakh)
8. Kopbay, A (2022) Kazak shyndygynda dombyra qubylysy [Dombyra Phenomenon in Kazakh Reality]. Vestnik Evraziiskogo Natsionalnogo Universiteta im L N Gumileva. Seriya: Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie, 1(138), 176–184. https://doi.org/10.32523/2616-7255-2022-138-1-176-184 (rus)
9. Kussainova, A, Kassymova, A, Aitkulov, B, Suleimenova, D (2025) Qongyr as a Concept in Kazakh Linguoculture. Forum for Linguistic Studies, 7(6), 804–820. https://doi.org/10.54254/2753-7064/7/2025/854 (eng.).
10. Kazakhtyn makal-matelderi [Kazakh Proverbs: Encyclopedic Edition] (2011) Almaty: Kazakhstan Respublikasy Ulttyq Kitapkhana. (kazakh)
11. Qaidar, A (2004) Khalyk danalygy: etnolingvistikalyk sozdik [Folk Wisdom: Ethnolinguistic Dictionary]. Almaty: Sanat. (kazakh)
12. Qaidar, A (1998) Myn soz: etnolingvistikalyk zertteuler [A Thousand Words: Ethnolinguistic Research]. Almaty: Daik-Press. (kazakh)
13. Lotman, Y M (1970) Struktura khudozhestvennogo teksta [The Structure of the Artistic Text]. Moscow: Iskusstvo. (rus)
14. Mashhur-Zhusip Kopeev (2003) Bayanaul ongirinen jinalgan matelder men jumbaktar [Proverbs and Riddles Collected from the Bayanaul Region]. Pavlodar: EKO. (kazakh)
15. Negimov, S (1997) Sheshendik oner [Oratory Art]. Almaty: Ana tili. (kazakh)
16. Nauryzbek Zhyrau (2022) Tolgau da tolgau sozder bar [There Are Many tolgau] Aktobe. (kazakh)
17. Omarova, A, Kaztuganova, A, Akimzhanov, B, Sultanova, A, Zhamanbalinov, Y. (2020) Kazakh musical and poetic art in the context of globalization. Opcion, 36 (Special Issue No 26), 387-406. (eng.).
18. Tatkenova, Sh, Amze, M (2024) Traditional Music of Kazakhstan in the Second Half of the 20th Century: Using the Example of Folk Song Art in the Northern Region of Kazakhstan. AEMR, 13, 65–78. https://doi.org/10.30819/aemr. (13-6). (eng.).
19. Hasenov, A, Nurmuganbetova, O (Eds.) (1992) Kazak makal-matelderi. 2 tom [Kazakh Proverbs. Volume 2]. Almaty: Ana tili. (kazakh)
20. UNESCO (2014) Iskusstvo dombry kyui [Art of Dombyra Kyui]. Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity. URL: https://ich.unesco.org/en/RL/kui-art-of-dombyra-00995 (rus)

МРНТИ 18.67.07 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-18

G.Aspandiarkyzy*[1], G.T. Jumasseitova[2]
Kazakh national academy of choreography, Astana, Kazakhstan
E-mail: [1]aspandiyar.moviekz@mail.ru, [2]gulnara_ili@mail.ru
ORCID: 0009-0004-9146-5651, 0000-0003-0478-3164

EXPLORING REALITY IN FOREIGN CINEMA: PHILOSOPHICAL, CULTURAL, AND TECHNOLOGICAL ASPECTS*

Annotation. The article examines the phenomenon of realism in foreign cinema, its artistic transformation, and the structure of contemporary screen language. The primary aim of the study is to investigate the methods of representing and constructing realism in cinematographic practice from philosophical, cultural, aesthetic, and technological perspectives, as well as to analyze the impact of screen realism on audience perception, social experience, and cultural interpretation. The theoretical framework includes André Bazin`s concept of realism, Gilles Deleuze`s theory of the "time-image", and Siegfried Kracauer`s "mirror theory". The research methods employed comprise historical-theoretical analysis, comparative-analytical approach, critical film analysis, visual semiotic interpretation, a multidisciplinary approach, and digital media analysis. Empirical material includes the films Blade Runner, The Matrix, Avatar, and The Tree of life. The findings demonstrate that screen realism is not merely a depiction of objective reality but also a multi-layered cultural construct shaped through visual aesthetics, composition, editing, sound, lighting, camera perspective, and contemporary digital technologies. Moreover, cinema functions as an active medium that guides audience perception and interprets socio-cultural experience, enabling a deeper understanding of the evolution of contemporary cinematic language, the emergence of new models of screen realism, and the development of realism forms within virtual media spaces. The article will be useful for researchers in film theory, visual culture, and digital media studies, contributing to a more comprehensive understanding of the concept of realism in cinema and its formation within modern artistic, technological, and cultural contexts.

Key words: reality in cinema, philosophy in cinema, technology in cinema, film theory, feature films.

Г.Аспандияркызы[1]*, Г.Т. Жумасеитова[2]
Казахская национальная академия хореографии, Астана, Казахстан
E-mail: [1]aspandiyar.moviekz@mail.ru, [2]gulnara_ili@mail.ru
ORCID: [1]0009-0004-9146-5651, [2]0000-0003-0478-3164

ИССЛЕДОВАНИЕ РЕАЛЬНОСТИ В ЗАРУБЕЖНОМ КИНО: ФИЛОСОФСКИЙ, КУЛЬТУРНЫЙ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТЫ

Аннотация. В статье исследуется феномен реализма в зарубежном кинематографе, его художественная трансформация, а также структура современного экранного языка. Основная цель исследования заключается в изучении способов отображения и конструирования реализма в кинематографической практике с философской, культурной, эстетической и технологической точек зрения, а также в анализе влияния экранного реализма на восприятие зрителя, социальный опыт и

* ***Cite us correctly:***
G.Aspandiarkyzy, G.T. Jumasseitova. Exploring reality in foreign cinema: philosophical, cultural, and technological aspects // "Keruen". - 2026. No. 1, (90 vol.). - B. 266-277. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.1-11

культурную интерпретацию. В качестве теоретической основы использованы концепция реализма Андре Базена, теория «образа времени» Жиля Делеза и «теория зеркала» Зигфрида Кракауэра. Методы исследования включают историко-теоретический анализ, сравнительный-аналитический подход, критический кинематографический анализ, визуальную семиотическую интерпретацию, мультидисциплинарный подход, а также цифровой медиа-анализ. В качестве эмпирического материала были рассмотрены фильмы «Бегущий по лезвию», «Матрица», «Аватар» и «Древо жизни». Результаты исследования показывают, что экранный реализм представляет собой не только отображение объективной реальности, но и многослойную культурную конструкцию, формирующуюся через визуальную эстетику, композицию, монтаж, звук, освещение, перспективу камеры и современные цифровые технологии. Кроме того, кино выступает активным медиумом, направляющим восприятие зрителя и интерпретирующим социально-культурный опыт, позволяя глубже понять эволюцию современного киноязыка, влияние технологических трансформаций, новые модели экранного реализма и развитие форм реализма в виртуальном медиапространстве. Статья будет полезна исследователям кинотеории, визуальной культуры и цифровых медиа, способствуя более глубокому пониманию концепции реализма в кинематографе и его формирования в современном художественном, технологическом и культурном контексте.

Ключевые слова: реальность в кино, философия в кино, технологии в кино, теория кино, игровое кино.

Г.Аспандиярқызы[1]*, Г.Т. Жұмасейітова[2]
Қазақ ұлттық хореография академиясы, Астана, Қазақстан
E-mail: [1]aspandiyar.moviekz@mail.ru, [2]gulnara_ili@mail.ru
ORCID: [1]0009-0004-9146-5651, [2]0000-0003-0478-3164

ШЕТЕЛДІК КИНО ӨНЕРІНДЕГІ ШЫНАЙЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Аннотация. Мақалада шетелдік кино өнеріндегі шынайылық феноменінің қалыптасуы, оның көркемдік трансформациясы, сондай-ақ заманауи экран тіліндегі құрылымы жан-жақты зерттеледі. Зерттеудің басты мақсаты – кинематографиялық практикада шынайылықты бейнелеу, оны конструкциялау тәсілдерін философиялық, мәдени және технологиялық тұрғыдан талдау, сонымен қатар экрандық шынайылықтың көрермен қабылдауына, әлеуметтік тәжірибеге және мәдени интерпретацияға әсерін анықтау. Теориялық негіз ретінде Андре Базеннің шынайылық тұжырымдамасы, Жиль Делёздің «уақыт бейнесі» теориясы сонымен қатар Зигфрид Кракауэрдің «айна теориясы» пайдаланылды. Зерттеу әдістері ретінде тарихи-теориялық талдау, салыстырмалы-аналитикалық әдіс, критикалық фильмдік талдау, визуалды семиотикалық интерпретация, мультидисциплинарлық тәсілдер, сондай-ақ цифрлық медиа-анализі қолданылды. Эмпирикалық материал ретінде «Қылыштың жүзінде жүгіруші», «Матрица», «Аватар», «Өмір ағашы» фильмдері талданды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экрандық шынайылық тек объективті көріністі жеткізу емес, сонымен қатар визуалды эстетика, композиция, монтаж, дыбыс, жарық, камералық перспектива және заманауи цифрлық технологиялар арқылы қалыптасатын көпқабатты мәдени конструкция болып табылады. Сонымен қатар, кино көрерменнің қабылдауын бағыттайтын, әлеуметтік-мәдени тәжірибені интерпретациялайтын белсенді медиум ретінде әрекет етеді, заманауи кино тілінің эволюциясын, технологиялық трансформацияның әсерін, экрандық шынайылықтың жаңа модельдерін және вертуалды медиалық кеңістіктегі шынайылық формаларының дамуын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Мақала кино теориясы, визуалды мәдениет және цифрлық медиа саласындағы зерттеушілер үшін пайдалы болып табылады, кино өнеріндегі шынайылық концепциясын тереңірек түсінуге және оның заманауи көркемдік, технологиялық және мәдени контексттерде қалыптасуын анықтауға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: кинодағы шынайылық, кинодағы философия, кинодағы технологиялар, кино теориясы, көркем фильмдер.

1. Introduction

The phenomenon of reality in cinema represents one of the most important themes in contemporary cinema, touching upon a wide range of philosophical, cultural and technological aspects. Unlike other arts, cinema has the unique ability not only to reflect reality, but also to create alternative forms of it, thus expanding the boundaries of perception and understanding of the world. Historically, cinema as an art has gone through several stages, starting from the desire to reproduce reality as accurately as possible and ending with the search for new ways of interpreting it using modern technology.

In a philosophical context, cinema has become an important tool for understanding the essence of reality, its perception and the changes taking place in society. The influence of theorists such as André Bazin, Gilles Deleuze and Siegfried Kracauer has led to a deeper understanding of how cinema can not only reflect but also transform the representation of reality. At the same time, the cultural context in which world cinema develops inevitably influences the way reality is portrayed on screen, reflecting the social and political changes characteristic of a particular era. One of the main theorists who studied realism in film was André Bazin, the French film critic and founder of film theories, who made a significant contribution to understanding the nature of realism in cinema. In his works such as "What is Cinema?" the author writes "This automatism of the emergence of the photographic image led to a complete revolution in the psychology of the visual image..." (A. Bazin, 1972: 44). The underlying assumption is that the inventor has the unique ability to capture reality, giving the viewer the opportunity to 'see the world anew'. Bazin saw cinema as a means of preserving the historicity of the real world through techniques such as continuous long shots, depth of field and minimal use of montage. He argued that cinema should strive to maximize its approximation to reality, avoiding the need for a director, allowing the viewer to interpret what is happening on the screen for themselves. The photographic image in cinema has objectivity because it is created by the mechanical establishment of light on film. This allows cinema to portray the world as it is, without the interference of the artist's subjective view. According to film critic A. Bazin, cinema is capable of capturing not only spatial aspects of reality, but also temporal ones. It can capture and transmit the passage of time, creating the illusion of continuity and preserving moments that disappear in real life.

Technological advances, such as the development of digital technologies and virtual reality, have greatly expanded the possibilities of cinema, opening new horizons for the creation of hyper-realities and multi-layered images. In the last decades, with the emergence of new technological tools such as CGI (computer graphics) and VR (virtual reality), cinema has begun not only to depict but also to actively construct new forms of reality, which poses new challenges and questions for researchers.

The aim of this article is to explore the phenomenon of reality in foreign cinema through a philosophical, cultural and technological prism, to identify the key theories and approaches that shape the understanding of reality in cinema, and to analyse how these aspects are interrelated and influence the audience's perception.

2.Research methods

2.1 Research methods

The author of the article chooses the famous world cinema pictures "Blade Runner" (directed by Ridley Scott, 1982), "The Matrix" (directed by the Wachowski Sisters, 1999),

"Avatar" (directed by James Cameron, 2009), "The Tree of Life" (directed by Terrence Malick, 2011) as the actual material for studying the problem posed.

This paper applies historical-theoretical analysis, analytical comparative-comparative methods, and critical film analysis.

2.2 Research materials

To investigate the phenomenon of reality in foreign cinema, a variety of materials were used, including theoretical works by leading philosophers and filmmakers, as well as analyses of specific cinematic works. The main source of theoretical material was the works of philosophers such as André Bazin, Gilles Deleuze and Siegfried Kracauer, whose concepts such as "total reality", "image-time" and "Mirror Theory" became the basis for analysing reality in cinema. The question of the representation of reality in cinema has remained relevant since the birth of cinema. Cinema, being a visual art, is closely linked to cultural and philosophical debates about the nature of reality. On the one hand, it strives for a mimetic function, reproducing visible reality. On the other hand, cinema always reinterprets this reality through artistic techniques, technologies and authorial vision. André Bazin argued that the main purpose of art is to reproduce reality in its authentic, "natural" form, which he labelled by the term "total reality". According to his theory, art throughout the history of its development has been striving for more and more accurate and direct representation of reality, and cinema, thanks to its technical characteristics, has a unique opportunity to capture the surrounding world with minimal intervention of the author. A.Bazin believed that the most significant feature of cinema is its ability to preserve the objectivity and autonomy of the depicted reality. He emphasised the importance of techniques such as long takes, the use of deep focus and the minimisation of montage interventions. These technical solutions preserve the integrity of the spatio-temporal structure of the frame and allow the viewer to interpret the image independently. Thus, Andre Bazin's concept of "total reality" is a philosophical and aesthetic approach aimed at maximising the closeness of the cinematic image to reality. This approach not only emphasises the unique possibilities of cinema as a medium, but also transforms the viewer's attitude to the process of perception, giving him or her the freedom to interpret and make sense of the visual material.

